

Маржанкүл Кизирова

*Тырнақалды туынымды
әкем Хожабек Хызырұлы мен
анам Күләш Бөртпейқызының
рухтарына арнаймын*

*Сейілтпін, жүрек,
мұңымды*



«Сеп» баспасы
Алматы 2017

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)-5
Х 50

**ХИЗИРОВА М.
СЕЙІЛТІШ, ЖҮРЕК, МҰҢЫМДЫ:**
Х 50 *Жыр кітабы.* Алматы: «Сеп» баспасы, 2017. - 160 бет.

ISBN 978-601-80466-0-5

Бұл жинақта Хизирова Маржанкүл Қожабекқызының жазған өлеңдері тұңғыш рет топтастырылып, ұсынылып отыр.


«Өленге әркімнің де бар таласы» демекші, өлең-жырды өміріне серік еткен Маржанкүл туындыларында көркем ойды әдемі өрнектермен айшықтаған жырлар аз емес. Өз ойын қилы өлең құрылымдарымен жеткізуге талпынған ұстаз-акынның ізденістері талғамы биік оқырманды бейжай қалдырмайды деп ойлаймыз.

Кітап жалпы оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-80466-0-5

©Хизирова М., 2017.
©«Сеп», 2017.



БІРІНШІ БӨЛІМ



Жанымның жыр бұрымы таратымы...



*Өмір деген өтіп жатыр күнбе күн,
Адамдарға орындатып міндетін.
Мен қорқамын - жүйрік уақыт жеткізбей,
Орындалмай қала ма деп міндетім.*



СТУДЕНТПІН

Студентпін болашаққа тамсанған,
Білім қуып, кітабымды жастанған.
Көлбеңдесе көз алдымда үй іші –
Сағыныштан ақ параққа жас тамған.

Студентпін, кереметпін мен бүгін,
Арманымның арқалаған бар жүгін.
Ата-анамды сендірген соң өзіме –
Жүрегіме бере алмаймын бір тыным.

Аямайтын көздің майы-жанарын,
Студентпін, жаңалыққа құмармын.
Мен ғарышқа ұшып кеткім келеді –
Талабымның мініп алып тұлпарын!

1984

САҒЫНЫШ

Жетегіне еріп келдім сағымның,
Келмей жатып ауылымды сағындым.
Баурамады басқа жақтың қаласы,
Келмей тұр ғой үрдісіне бағынғым...

Қайта-қайта қарай бердім сағатқа,
Өтпей қойды күндерім мен бір апта.
Жия бердім көңіліме кірбінді,
Таусылғандай мендік төзім, тағат та...

Апта сайын алып ұшты жүрегім,
Ауылыма кетіп қалу - тілегім.
Ең алдымен, анам шығар алдымнан,
Көлбеңдетіп етегі кең көйлегін.

Неге келдім танымайтын қалаға,
Қалып қойсам болмас па еді ауылда?
Басқа қала, басқа әлем, басқа жер,
Сіңісе алмай жүрмін бөтен қауымға...

Сағынышқа толып кетті жүрегім,
Арман қуып келсем-дағы ауылдан.
Сөйлесуге барып тұрам күн санап,
Хат күтемін достар менен бауырдан.

МЕНІ СҮЙІП ҚАЛУ ҮШІН МӘҢГІЛІК...

Сағыныштың жетегінде жүрсің бе,
Көлбеңдеген күндеріңе алданып.
Біз жүретін кездің бе екен жолдарды
Жоғалтқандай асылыңды мың барып?

Суретіме қарадың ба бас алмай,
Оралды ма менің тәтті кездерім?
Күрсіндің бе есімімді қайталап –
Жиі-жиі еске түсіп сөздерім?

Кім кінәлі, іздедің бе кінәні,
Әлде, мүмкін, риясыз сенгенім?

Жадыратып отырушы ем жаныңды –
Орынымды ауыстырар енді кім?

Тағат таппай асығушы ең мен жаққа,
Күлімсіреп тұрушы едім наздана.
Мені сүйіп қалу үшін мәңгілік –
Қиналуың керек шығар аз ғана!

МАХАББАТ АҚЫНДЫҚҚА ҚАРАМАЙДЫ...

*«...әттең, ақын болғанымда
сен маған қарар ма едің?»*

(Хаттан үзінді)

Мен сенің айтқаныңа қосылмаймын,
Шыққан үннен ешқашан тосылмаймын.
Ақын болып, жыр жазып тұрсаң-дағы,
Жырларыңа ешқашан бас ұрмаймын...

Дауылмын, жаңбыр жаусын – басылмаймын,
Дәл қазір – көктемдегі жасындаймын.
Біржан болып шықсаң да қарсы алдымнан
Сара болып ешқашан тосылмаймын...

Ойымды көлгірсітіп, жасырмайын,
Сезіміңді, досым-ау, басынбайын.
Бұлбұл құс сайраса да сандуғашпен –
Бағыңда гүлің болып ашылмаймын...

Тек түсін:
Махаббат ақындыққа қарамайды,
Махаббат ақын үшін жаралмайды.
Ол бір шырақ, жағатын жандар керек,
Сезімсіз ол шамды ешкім жаға алмайды...

Тек түсін:
Шыңдалмаған болсам да жасымаймын,
Сүймеген жанға, сірә, қосылмаймын.
Ұнатпаған адамға бас ұрмаймын,
Өйткені, мен осындаймын!

ОЛАЙ ҚАРАМАШЫ...

Олай қарамашы,
мен бәрібір қала алмаймын қасында...
Қанша жерден айтсаң-дағы жылы сөз.
Жібимейтін сияқты ғой жүрегім,
Алдап-арбап тұрса-дағы қара көз...

Олай қарамашы,
Өртемек боп жүрегіңмен, көзіңмен,
Онсыз-дағы ұйқым кеткен жырақтап...
Сенің сөзің әсте ойға кірмейді –
Отырған соң өз жырымды парақтап...

Олай қарамашы,
мен өзімнен ұялам,
Жеткіздім деп сені осындай күйге бір.
Келген сайын қуыстанып боламын,
Болған соң өзге сүйгенім...

АНАМА ХАТ

Сағындым, апа, мейірім толы көзіңді,
Сағындым, апа, жайма-шуақ жүзіңді.
Жүрегіме құлыптап алып жүрмін мен –
Тірек болар небір асыл сөзіңді.

Апа, сені түсімде көріп қуандым,
Сағынып жүр ем,
сол сәтте аз-кем жұбандым.
Күрең шайды алдыға алып күтші, апа,
Ішейік бірге шегіне жетіп құмардың.

Өзіңе деген сағыныш оты лаулаған,
Сағыныш қана жүректі, апа, жаулаған.
Өзіңе тартқам, себебі мені көрген жұрт,
Дейді ғой маған: «Нағашыдан аумаған!»

Барған сайын, шынымен, жадырайсың,
Ал, кетерде еріксіз жағалайсың...
Жиып алып, заттарды түйгеннен-ақ,
Төкпелеп нөсеріңді жабырқайсың...

Содан соң, жаудырасың ақылыңды,
Сездіріп алыс пенен жақынымды.
Маған да сын – алыста оқығаным,
Тұмар ғып тағып жүрмін ақылыңды...

МЕН – ҚАЗАҚПЫН

Мен – қазақпын, қаным да Алаштікі,
Қазағыма қараша үйі жарасыпты.
Ұлылық пен даналық сырын шертіп,
Сал-серілер сол үйден тарасыпты.

Жанға жайлы ауасы, даласы да,
Алланың сыйы емес пе Алашыма?!
Желдіртіп желмаясын Асанқайғы,
Киелі бақ ұсынған баласына.

Құт дарып пейіліне бұл қазақтың,
Тауып тұр табиғаттан жарасымын.
«Ақтабан-шұбырындыда» аман қалған,
Мен нағыз бостандықтың баласымын.

Мен – қазақпын, қорлыққа шыдамаймын,
Көздің жасын жайдан-жай бұламаймын.
Қазағымның тұғыры мықты болса –
Мен – биікпін, ешқашан құламаймын!

1986

ҰМЫТ БӘРІН ӨТКЕННІҢ

Ұмыт бәрін өткеннің –
Еске де алма бейуақыт.
Ұмытылмас күндерді –
Ұйқысыз өткен түндерге
Айырбастап кеткенмін.

Ұмыт бәрін өткеннің –
Есіңе алма қынжылып.
Ұмытылмас сәттерді,
Екеуміз жүрген түндерге
Сіндіріп қана кеткенмін.

Ұмыт бәрін өткеннің –
Қайтесің енді еске алып.
Ұмытылмас уақытты,
Кіршіксіз сезім артқанда
Тұндырып қана кеткенмін.

Ұмыт бәрін өткеннің,
Ойға алып енді қиналма.
Естелікке қаласаң,
Жырымды алып кет менің!
Ұмыт бәрін өткеннің...

ҰМЫТА АЛМАҒАН ШЫҒАРМЫН

Арамыз кетті алыстап,
Пәк сезім қалды үзіліп.
Жабырқау күйге көп ендім,
Өзімнен-өзім езіліп.

Көзіме мөлдір жас толып,
Оралдым өткен күндерге.
Барып қайттым қиялдап,
Серуендеген түндерге.

Іздедім сені сан рет,
Мұңдана қалған көздерден.
Ақтардым тауып алардай,
Хаттағы жылы сөздерден.

Есікті қағып келердей,
Тарсылға түрдім құлақты.
Намысым бірақ жібермей,
Жақындата алмадым жырақты.

Жылағым менің келмеген,
Қалғым да келмей тайыз боп.
Өрмелеп шыққан биіктен,
Құлдырайтұғын жайым жоқ!

Қызықпа ту сыртымнан,
Бақытты жандай көрінсем.
Көлгірси қалма әп-сәтте,
Танымастай боп өзгерсем.

Көзіме көзің түскенде,
Байқала қалса мұнар-мұн.
Ұқсаң да мейлі, ұқпасаң –
Ұмыта алмаған шығармын...



СЕЗІМ ДЕГЕН БАҚ ҚҰСЫ, БАҒАЛАСАҢ...

Жыр жазасың санамды улап менің,
Боямасыз, барады ансар ауып.
Көңіліме кірбінді түсірмейсің,
Жүрегімді барасың жаулап алып...

Жыр жазасың, барлығы боямасыз,
Сендегі сезім қандай әсерлі еді?
Сағынам секунд сайын сені ойлап –
Тоқтамай жанарымның нөсерлері.

Жанарымнан жас тамып сонда менің,
Улағаның санамды шын білінер...
Сезім деген бақ құсы – бағаласаң,
Қолына қона бермес көрінгеннің...

1985

ПОЙЫЗДА

Лық толы адам, асықпайтындай көрінді.
Кейбірі сөзшең, кейбірі тіпті көңілді.
Үлкендері танысыңдай бұрынғы,
Шайға жұмсап шығарады ығырды.

Ал, кейбірі әңгімеге шақырып,
Отырады өз өмірін баяндап,
Кейбіреуі мақтанады ерекше,
Уақытыңды алатындай аяңдап.

12

Кербез қыздар орын бермей ешкімге,
Тіл қатпайды ел қасынан кеткенше.
Биязылар отырады ұялып,
Тәнті етіп өзгелерді ерекше...

Қабактары түйіледі біреудің,
Ауырғандай қабырғасы сөгіліп.
Ал, кейбірі ыржаң-ыржаң етеді,
Танысына енді тапқан керіліп.

Мен отырам, ішкі ойым үйлеспей,
Құлақ салмай сөйлегеннің біріне.
Шайға терлеп, ой-қиялға шомамын,
Тез жетсем деп алыстағы үйіме...

1985

КІТАП ОҚЫСАҢ...

Кітаптар оқып,
Көңілге тоқып,
Қанағат тұттым –
Ұстаздар қойған бағаны.

Білімнің көзі,
Жаксының сөзі.
Кәусар бұлаққа айналып –
Байлығым болды бағалы.

Жаксыдан үйрен,
Жаманнан жирен.

13

Оқысаң кітап –
Боларсың дейтін саналы.

Басымды алмай,
Оқыдым талмай.
Бергені маған көп болды,
Талса да көздің жанары.

Жүрекпен ұқтым,
Жалынын жұрттың.
Оңашада ой түйдім,
Бағалау үшін адамды.

Жырларды жаттап,
Ойымды баптап,
Игі істерді ойлаумен,
Жаттықтырғанмын санамды.

Кітаптың кені,
Бітпейтін шегі,
Жүремін теріп маржанын,
Көтереді деп бағамды.

1987

МАХАББАТТЫ МЕН ҚАСТЕРЛЕП ӨТЕЙІН...

Байқа, жаным, байқашы тек, аяулым,
Жүрегіме түсірмеші қаяу-мұң,
Махабатты мен қастерлеп өтейін –
Қозысына сезіміндей Баянның.

14

Шөлдегенде бола алсаң сусыным,
Сезе алсаң махабаттың тылсымын,
Махабатты мен қастерлеп өтейін –
Ұға алсаң сағыныштың жыр-сырын.

Сездіре алсаң жүрегіңнің дүрсілін,
Жүрегіңде сақталса егер сөздерім,
Махабатты мен қастерлеп өтейін –
Егер мені алдамаса көздерің.

Мен дегенде жайнай түссе жанарың,
Бола алсаң өмірдегі бағбаным,
Махабатты мен қастерлеп өтейін –
Егер мені құлпырта алсаң, ардағым.

Өмірдегі бола білсең панамдай,
Алақанда аяласаң баладай,
Махабатты мен қастерлеп өтейін –
Егер мені мәпелесең данадай.

Мені дәйім жақын тұтсаң жаныңа,
Қуанатын болсам, шіркін, барыңа,
Махабатты мен қастерлеп өтейін –
Сезіне алсам... жақын жанды жаныма.

1987

АНАҒА НАЗ

Қыз болу қиын екен, асыл анам,
Ерке емеспін, сонда да жасып қалам.
«Қоштасам ба, шынымен, өз ұяммен?»-
Деп кейде өзімді-өзім сұраққа алам...

15

Бейімделе алам ба мына өмірге,
Қаяу түсіп жүрмей ме пәк көңілге?
Ашу, ыза, кек менде сақталмайды,
Сенемін жалғыз ғана жүрегіме...

Мұқалмайды мендегі арман-қиял,
Намысты жанып жүрем жігеріме.
Жанымның аласұрған толқындары,
Шабыт беріп тұрады өлеңіме...

Ал, ана, ақыл берші, бір сәт тоқтап,
Санама құя берші, бәрін мықтап.
Өмір ол – өлең емес туындайтын,
Жүрмес пе екем бір күні барды «жоқтап»?

Бола алам ба біреудің жан серігі,
Жанында сүйеу болып жүретұғын?
Түсіне ме жанымды тым нәзіктеу,
Тек қана адалдықты сүйетұғын?

Боламын ба асыл жар, жақсы ана,
Қобалжулы, анашым, жас жүрегім?!
Жаратқанға жалынып: «Жан қызыма
Жақсы жан кездестірсін!» деп тілегін.

НЕГЕ СОНША КҮТЕСІҢ МЕНІ?

Сеземін, айна-қатесіз сүйетініңді,
Мені көрмесең, дегбірің қашып жүретініңді.
Содан соң, жансыз бейнеме телміріп алып,
Пері қаққандай күлетініңді...

Сеземін іштей жанарың менде,
Қанша оқталғаныңмен, келе алмайсың.
Дүрсілдеп жүрек, мүдіріп тілің,
Жасай алмайсың бір қадам неге?

Неге сонша күтесің мені,
Сағың сынып жатса да талай?
Сендірсем де қылықтарыммен,
Жібермейсің ғой қолыңды бұлғай.

Бұл қай дүние, телмірткен сонша,
Қабылдамадым бейкүнә кейпіңді,
Жүрегімнің бұлағын тыйып,
Қимадым, бірақ саған күлкімді.

Дамылдамады сендегі сезім,
Танытпасам да оң қабақ саған.
Жанарымнан ұқпағаның ба,
Сендегі сезім құрғақ, жат маған?!

1986

Жылжыған жылдарды, алшандаған айларды, кербез күндерді артқа тастап, қатарыңызға ақынжанды бір қыздарыңыз қайта қосылды. Көп уақыт өтіпті - қолыма қалам ұстамай кеткем...

Өмірдің сан түрлі соқпақтарымен сапарлап, сынақтарынан сабақ алып, өзімнің рухани байлығым мен күш-қуатымды бойыма қайта жинап, өмірден түйген ашы-тұщы сабақтарымды өлеңмен өрнектесем өзгеге де себін тигізер деген үлкен үмітпен «Өлең» ауылын қайта жағаладым. Оңаша сәттерімде өмірімді ой елегінен өткізе отырып, ойдағыны өлеңнен өрдім... Қабыл ал, ағайын!

МЕН КЕЛДІМ...

Мен келдім, жамағат, тағы келдім,
Жұлдызына оранып айлы түннің.
Сағынышым қол бұлғап тұрып алды,
Ағытшы деп тетігін ойлы жырдың...

Мен келдім, ақ жүрегім аласұрып,
Жүрген едім ішімнен дара тынып...
Көңілімнің түйіні ағытылсын,
Жанымның жыр бұрымы таратылып

Келгенмін қағып сырдың пернелерін,
Сезген соң оң періште жебегенін.
Ал, жанарым қатулықты серік етіп,
Сездіреді көңілімнің жүдегенін...

Байқаймын нөсерден соң бір қапырық,
Шөктіріп ала бұлтты тұндырады.
Мендегі шабыт-сезім түнегінен,
Буырқанып шыға алмай бұлқынады...

Жандырады, есімнен тандырады,
Талдырады жүректі шалдырады...
Буырқанған шабытпен биік ұшсам,
Жыр-додада майлаймын қанжығаны.

Сейілтпін үрей мен қатулықты,
Танытам жырлы ортада байсалдықты.
Келген соң дәлелдеймін нәзік үнмен,
Өлеңдегі қайтпайтын қайсарлықты!

ТУҒАН ТІЛІМ - ТІРЕГІМ

Ардақтадым ұлы ана тілімді,
Осы тілден төктім ойлы жырымды.
Өз тілімнің бағаласам байлығын –
Жеткізгенім мың құбылған ойымды.

Биік қойғам ана тілін санамнан,
Өн бойыма тараған соң анамнан.
Өзге ұлтқа өз тілінде сөйле деп,
Мен де талай талап еттім баламнан.

Ардақталған намыс тұтқан ерлерде,
Сынға түскен талай мәрте мінберде,
Шешендердің қызыл тілін сайратқан,
Менің тілім жоқ болуы мүмкін бе?

Мүмкін емес, жоғалуы ғайып боп,
Ана тілім айналмайды елеске.
Тілің менен өз дінінді сатқаның -
Өз анаңды өлтіргенің емес пе?!

Жүрегіңнің әміріне бер ерік,
Сөйле еркін, өз ойыңды жеткізіп.
Сен ту етіп көтермесең тіліңді,
Қадіріне жетеді ме өзге ұлт?

Өз тілінде оқы өлең, ертегі,
Өз тілінде сөйле шығып мінберге.
Шежіресі тарихыңның сайрап тұр,
Көз тастасаң, байыппенен өткенге.

Шомыласың тарихына күмп беріп,
Дәуірлердің окисың да дастанын.
Жарқын жолға көш аласың именбей,
Өз тіліңнің болашағы басталып.

Сол тіліңмен, тұғырысың биіктің,
Сол тіліңмен бесік жырын ұғыпсың.
Сол тіліңді қару етіп дұшпанға,
Сол тіліңмен абырой, бедел жиыпсың.

Сол тіліңмен жазылады күнделік,
Сол тілінде жыр тарайды өңделіп.
Сол тілінде қуантасың жақынды,
Жылы сөзбен жан-жағына өң беріп.

Сол тіліңмен жұбатасың – жыласа,
Демеуді де сол тіліңнен табасың.
Ана тілін өбектесең мәпелеп,
Құлаш жайып биіктерге барасың.

Туған тілім, тұғырысың биіктің,
Сен арқылы Алатаудай биікпін.
Сенің тартқан азабыңды ұмытып,
Болашаққа үміт артып сеніппін!

АШТЫМ СЕЗІМ ҚАҚПАСЫН...

Кие тұтқан сезімге мұң көшірмей,
Сөз алайын алдарыңда көсілмей.
Нәзік сезім шерткен күйді тыңдайын,
Тұңғыықтан тылсым сырды өшірмей...

Жанарымды байқатпайын үріккен,
Жан емес ем кез келгенге желіккен.
Жұмақ дерсің жан сарайым тіл қатса,
Қуат алған бата менен тілектен.

Мұң сезімнің тақпайын деп алқасын,
Аштым бүгін сырлы сезім қақпасын.
Қалай ғана сездіремін сезімге.
Ұясына мезгілсіз күн батпасын?...

Болғанымен айдынымда жыр мұңды,
Жоғалтпағам тілімдегі жақұтты.
Ұсына алсам жақұт жырлар халқыма,
Киелі жыр өзі ұсынар бақытты...

БАТЫР ЖАЙЛЫ ӨЛЕҢ ТІПТІ ЖАЗБАППЫН

Батыр жайлы өлең тіпті жазбаппын,
(Батыры көп болса-дағы қазақтың)
Қасық қанын қиыпты олар қаншама,
Ұрпағына орнатам деп азат күн.

Батыр жайлы өлең әлі жазбаппын,
Құлағында ойнай білген боз аттың.
Ару үшін, қаруланып ел үшін,
Жеңіс туын көкке ілген қазақтың.

Батыр жайлы өлең тіпті жазбаппын,
(Көргендері болса-дағы азап тым)
Үш аруды қалай ғана ұмыттым,
Жұлдызы боп жарқыраған қазақтың?

Батыр жайлы өлең қалай жазбаппын,
Көкке өрлеткен атын талай қазақтың?
Рейхстагқа Рақымжан ер ту тіксе,
Ерлігі ерен Мәлік, Қасым, Талғаттың.

Батыр жайлы неге өлең жазбаппын,
Ерліктерін Нұркен, Баубек боздақтың.
Мақтан етіп Бауыржандай батырды,
Маңдайына жазғаны үшін қазақтың.

Батыр жайлы өлең әлі жазбаппын,
Келсе-дағы отты өлеңді маздатқым.
Дүние деп кейде жиған жырларым,
Дәнегіндей шағылған тек жаңғақтың..
...Әттең, әттең батыр жайлы жазбаппын...

2014

ӘЖЕМНІҢ ТҮС КИІЗІ

Түкті кілем гүл шоғына көміліп,
Төргі орында тұрушы ед ілініп.
Әжеміздің тұс киізі кеткелі,
Беделге де қалған еді бөленіп.

Сол кілемге көзі түскен кіргеннің,
Сыры жатқан сөйлеген мен күлгеннің.
Әжеміздің тұс киізі кеткелі,
Орнын басты түкті кілем білемін.

Сол кілемге өрнектеліп есімдер,
Талай тойда бар бақытқа жол ашқан.
Әжеміздің тұс киізі кеткелі,
Түкті кілем жазылатын мол дастан.

Түкті кілем тұсында тұр әр үйдің,
Сол кілемнен көз алмай мен қараймын.
Әжеміздің тұс киізі жетіспей,
Бұрымы жоқ қара шашты тараймын...

Сол тұс киіз куәгері болған-ды,
Бақытына ортақ болып талайдың.
Тұс киізін әжеміздің еске алып,
Өткеліме ой жүгіртіп қараймын...
Бақытын да ап кеткендей талайдың...

АНАДАН ТІЛЕК

Жастығыңды жалындаған ардақта,
Кәрілігің келсін десең қадірлі.
Достарыңды бағалай біл қашанда,
Түсінетін пәк көңілмен жаныңды.

Сезетұғын жаманы кім, жақсы кім,
Қабағына қара үлкен-кішінің?!
Алмағайып дүниеде абайсыз,
Көңіліне дақ түсірме кісінің...

Сезімімен ойнай көрме адамның,
Ол – қылығы түк көрмеген наданның.
Ор қазам деп жүргенінде біреуге –
Емін таппай қиналарсың жараңның...

Қайғыңды жұт, қиналсаң да білдірмей,
Алла өзі медет болар, байқасаң.
Көз жасыңды құрғатып шық үйіңнен,
Қуанатын пенделер бар – шайқалсаң...

Қолың жетсе дүниеге, байлыққа,
Керілмесін көкірегің, тасыма.
Бұлты төніп жатса-дағы әлемнің,
Қар көшкіні келетіндей жасыма.

Бұл дүниеде құлаған да шыңдар бар,
Құтыла алмай зияны бар құздардан.
Құлазыған сәттерінде ата-ана
Үміт күткен адал ұл мен қыздардан!

Мен Алладан қайта-қайта сұрадым,
Жамандығын көрмейін деп баламның.
Санасына құйдым ылғи жақсылық,
Сусын етіп өсиетін дананың.

Тарам-тарам жолдарға көп қарадым,
Қисық жолдан сақтасын деп Құдірет.
Күнәсінен сақта дедім пенденің –
Жас үйірмей мөлдіреген көзге деп,

Құдіретке шүкірлік қып бас идім,
Алса-дағы ардағымды қаншама.
Қабағымның талай түрдім түнегің –
Тұлға болып қалу үшін қашанда.

Өсиеті деп білгейсің сен ананың,
Тілейтұғын болашағын баланың.
Тәрбиені тал бесіктен бастаған –
Мен қызы едім алтын құрсақ ананың!

СЫЙЛА ӘЙЕЛДІ...

Әйел сенің құлың емес, күңің де,
Әйел менің жазылмаған жырым де.
Әйел менің бақытымның бастауы -
Таусылмайтын өмірімнің кені де.

Әйел сенің сым пернедей нәзігің,
Қорғамасаң - ол да сенің жазығың.
Сырсандықта сақтай білген сезімді,
Күйсандықта тарту етер наз-үнің.

Сезсең егер, ақыл қосар бір данаң,
Әйелдерсіз болмаған ғой жырда мән.
Гүл, қызғалдақ терілмейді оларсыз,
Айтылмаған әйелдерсіз қырда ән.

Әйел деген елжіреген жүрегiң,
Қайғы-шердi бөлiсетiн тiрегiң.
Егер әйел болмаса бұл өмiрде -
Мүмкiн емес сенiң-дағы керегiң...

Әйел – анаң, аялаған аруың,
Бойыңдағы күш-қуатың, дәруiң.
Ол бар жерде – жасамайсың үмiтсiз,
Ол бар жерде – ортаяды қайғы-мұң.

Сыйла әйелдi, жоғары қой өзiңнен,
Бар күйiңдi оқиды ол көзiңнен.
Бағындырып алмай сенi әуелi,
Тәңiрi етiп көтермейдi өзiнен.

Сыйла әйелдi, бiлсең әйел байлығың,
Ұғына бiл махаббатың, жай-күйiң,
Қүдiреттi күшi арқылы тасқыннан,
Желкенсiз-ақ алып шығар қайғығың!

Сыйла әйелдi, ол - балаңның анасы,
(Ауырмасын, сыздамасын жарасы).
Шипа болып келген жайлы жаныңа,
Қиын болар жүрегiңiң наласы...

Сыйла әйелдi, көтер оның беделiн,
Үзе көрме тәттi өмiрден күдерiн.
Жеңiсiне қуан, оны қолдаумен,
Қуанышқа толтыр нәзiк жүрегiң!

БІР КЕЗДЕРІ...

Бір кездері –
Телмiрдiк те, өзгелерге бағындық,
Несiбемiз бола тұра қағылдық.
Кейбiрiмiз арды ойлап ашынсақ,
Кейбiрiмiз бас қамы үшiн табындық.

Бір кездері –
Кейбiмiз ұмыттық шын есiмдi,
(Оны атауға өз тiлiмiз кесiлдi
Шұбарланған тiл арқылы, о, тоба,
Небiр есiм «жiбектейiн» есiлдi...

Бір кездері –
Ұлы Абай, Мұхтарлардан бас тартып,
Сөрелерге жидық шетел кiтабын.
Сол кезде де бiр Аллаға сыйынатын кей қазақ,
Жастаныпты ұлы Құран кiтабын.

Бір кездері –
Тарту еттiк Түркiстанның қазанын,
(Өз iшiнде жұтқан талай азабын).
Киелi екен қайта оралды мекенге,
Дүр сiлкiнтiп, бүкiл әлем қазағын.

Бір кездері –
Желтоқсанның ызғарында талай жас,
Шарасыздан аяқ-қолын матады.
Тәуелсіздік туын тіккен қыршынның,
Осы күнге жетпегені қабырғама батады...

Бұл күндері -
Туын тіккен Тәуелсіздік орнады,
Мінгендей боп бәйгедегі жорғаны.
Берекесі бола берсін халықтың,
Орындалып әрқашан да арманы!

ТОҚТА, УАҚЫТ...

Токта, уақыт, ендігімді басайын,
Шабытымды шақырып бір тасайын,
Жүйріктігің басса-дағы мысымды,
Өзің берген несібеңмен жасайын...

Ренжімей, тоқтай тұршы, бөгеліп,
Қара бұлттай шүйлікпеші, түнеріп.
Жылуыңды көргім келіп оқталғам –
Ұрпағыммен қалайын деп көгеріп...

Аялдашы, айтқанымды қылып бір,
Жазылмады ойымдағы жақсы жыр.
Жүрегімде жатса ұлы армандар,
Жанарымда ұялаған тұнық сыр...

Өтінемін, құлақ салшы сөзіме,
(Кешіріммен қара аңғал кезіме...)

Алданғанмын астарынды сөгітпей,
Жету үшін сенің тәтті кезіңе...

Секунд, минут, сағаттарды жасырып,
Құлығыңды тұра тұршы, асырып.
Жылдарыңды үлгірейін құлыптап,
Уәде бер, кетпеймін деп асығып...

Қиялдайын қармақ салып өткенге,
Өкінбейін ескертусіз кеткенге...
Тұнық ойды серпілтейін еркінсіп –
Алғыс айтып осы күнге жеткенге...

Тағы да сәл тоқтай тұршы аялдап,
Болғаным жоқ болашақты қиялдап.
Арман қуып, желігемін әлі де –
Өзің мені кеткеннен соң жиі алдап...

Токта, уақыт, қайда асығып барасың,
Мекендейсің қайда барып тағы да?
Сенен алшақ кеткім келген менің де,
Көлеңке ғып байлап қойдың жаныңа...

Ауыстырып күн мен түнді қалайда,
Ынтық еттің бір-біріне жолатпай.
Жетпесе де қадіріңе жастық шақ,
Алыстарға самғатшы бір құлатпай...

Орындалып, іске аса ма талабым,
Әлде жоқ боп қала ма екен амалым?
Арғымақтай желіп өтсең қайтем деп –
Сенбей саған, іштей тынып барамын...

КИЕЛІ ЖЕР – КІНДІК ҚАНЫМ ТАМҒАН ЖЕР

Туған жерім, туған елім, мекенім,
Сені ғана тілге тиек еткенмін.
Сенің әрбір мүйісіңді сағынып,
Саған деген махаббатпен көктедім.

Киелі жер, кіндік қаным тамған жер,
Аштық жылы ата-бабам барған жер.
Бауырынан алыс кетіп жыраққа,
Сағыныштан көздің жасы тамған жер.

Ата-баба арманына куә боп,
Қасиеті аруақтардың қалған жер.
Топырағына балалығым малынып,
Жастығымның бал дәурені тұнған жер.

Қымбат маған шаңқай түсің, жолдарың,
Шәрбаттарың төгілетін көк талдан.
Қымбат маған басылмайтын аптабың,
Ыстық жел боп соғатыны қапталдан.

Газлиім - газды менің мекенім.
Жырларыма сені қосып өтемін.
Алыс кеттім бұл күндері мен сенен
Бауырыңа қанат қағып жетермін.

Туған жерім - ұлы достық мекені,
Айтшы, саған қайсы мекен жетеді?
Шартараптан келген ылғи жақсының,
Бұл күндері қайда екен мекені?..

Топырағы туған жердің түрленіп,
Жатыр ма екен керемет бір түрге еніп,
Мұнара боп кетті ме екен газ кені,
Кетті ме әлде меніреу бір күйге еніп?..

Осы сұрақ мазалайды жүректі,
Тілеймін тек іштей жақсы тілекті.
Көз алдымда көлбеңдейді мектебім,
Ұясынан ұшырған сан түлекті.

Сен дегенде жайнай түскен жанарым,
Естен кетпей жұпар иіс, самалың.
Туған жердің топырағын тәрк етіп,
Айтшы, сендей жәннат қайдан табамын!?

ҰЙЫП ҚАЛҒАН ТАМШЫ БАР КІРШІГІМДЕ...

Қайда асығып барады мына ғұмыр,
Сағымдай боп көзімнің ұшындағы?
Өлең-өмір арнасын бір ағызсам,
Үнсіз жылап жүрегім қысылады...

Қайғы жұтып, шарасыз алаң болам,
Тілініп тұз себілген ескі жарам.
Риясыз күлген күндер ұмытылып,
Кейпіммен күле бердім жасап алған...

Жанымның жегідей жеп қыңыр сәтін,
Таразылап қараймын өткенімді.
Қателіктің бұрышын қайта тінтем,
Ұқпай-ақ қайда ағат кеткенімді...

Қайта ақтарам өмірдің парақтарын,
Сарғайып сағыныштан пана тапқан.
Жаныма желеу таппай шарқ ұрғанда,
Қол бұлғады бір елес... жала жапқан.

Сол елес... адастырды дауылына,
Қамшы боп тиді жырдың сауырына.
Бар-болмысым көміліп қала жаздап,
Малтығып сел боп аққан жауынына.

Сол елес... көндіруге ұмтылған-ды,
Тұншықтырып мендегі бар арманды.
Қара бұлтты барынша төндірді кеп,
Уландырып жалғанмен ар-санамды.

Жасыған жоқ жігерім, наз-қылығым,
Жанымның байқататын асылдығын.
Қанша қайсар болсам да шабығымды,
Білесің бе, таба алмай мың жасыдым...

Сол елес... қалып қойған қатты есімде,
(Санам сұлық, ойымда жоқ ештеңе.)
Көздің жасын көлдетіп, тыйғаныммен,
Ұйып қалған тамшы бар кірпігімде...

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

*«Сендер, тәуелсіз қазақ елінің білімді жастары,
Өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға
бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіңдер»!*
Н.Ә.Назарбаев.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Шаршау менен жалығуды білмейтін.
Жалқаулыққа болмысымды қас етіп,
Жүрегіммен туған жерді тербейтін.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Өз елімнің ашатұғын түндігін.
Білімімен бағындырып шетелді,
Құрдастарым қазыналы жүр менің.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Махамбеттей дауылпаздың жүрегі.
Мен – Қайратпын, қасқалдақтай қаныммен,
Орнатылған Тәуелсіздік тілегі.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Туған жердің аялайтын гүлдерін.
Ерлігіне тағзым етіп, бас ием,
Әлия, Хиуаз, Мәншүк сынды әпкемнің.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Ойлайтұғын өз елімнің ертеңін.
Ұлы Отанның сеніміне серт берген,
Бауыржандай патриоты елімнің.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Болашақтан үзбейтұғын күдерін.
Абай, Мұхтар, Мұқағали секілді,
Ұлы халық деп соғады жүрегім.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Бәйтерекпін құламайтын мәңгілік.
Жүрегімде табы жатса тарихтың
Көкейімде орын алған - сенімім.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Жарқылдатар көк семсердей жігерін.
Мен -халықпын, Мен - данамын, дарынмын,
Жеткізетін жастарымның тілегін.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Игілікке бастап ылғи жүретін.
Елі үшін ерліктерге бастаған,
Тәуелсізбін, тұғырымын биіктің.

Жалындаған жастық шағым бұл менің,
Тарихымда жатыр өткен күндерім.
Білімдімін, жігерлімін, қайсармын,
Ата анамның ақтайтұғын сенімін!

Жалындаған ұранымын елімнің,
Қаны жатыр тамырымда қазақтың.
Мен білетін шежіреде жазылған,
Сүрлеу жолда жатқаны көп азаптың.

Болашақпын, ертеңіме сенемін,
Көзі болам Төле бидей көнемнің.
Жау алдында тайсалмаймын сөз берем,
Қадамымда мұқалмайды жігерім.

Азаматпын, болашаққа сенемін,
Бар әлемді біліміммен жеңемін.
Көк туымды желбіретіп бәйгеде,
Жеңіс Туын биік шыңға ілемін!
Өйткені, мен –
мен жастарға сенемін!

ЖЫРЫМ - ҚУАНЫШ

Жүрегім – жалын,
Жаным – бос,
Күндерге қалай таңылдым?
Сезім – сергек,
Ой – жүйрік,
Күндерден қалай жаңылдым?

Бойымда – үрей,
Көңілде – дүлей,
Күндерге неге жақынмын?
Көңілі – күпті,
Жұмысы – епті,
Күндері қайда ақынның?

Көзім – алдамшы,
Сөзім – арбаушы,
Бұл күнге қалай тап болдым?

Түршікті жаным,
«У» татты балым,
Жүрегімде жатты мұң.

Жырым – қуаныш,
Сырым – жұбаныш,
Көңілді қайда күндерім?
Ұйқысыз – түнім,
Күлкісіз - күнім,
Көбейді неге білмедім...

Алыста - ауыл,
Жанарда - жауын,
Кермегі ащы сағыныш.
Мол болып сыйым,
Жүректе күйім,
Шертілсе деймін дамылсыз.

ДОСТАРЫМДЫ САҒЫНДЫМ

Ащы әзілмен ой тастап,
Санаңды бір сәт билейтін,
Жақсылыққа жол бастап,
Армандарға сүйрейтін,
Достарымды сағындым.

Күлімдеп тұрар көздері,
Жайдары болған жүздері,
Жібектей болған мінезі,
Салмақты болған сөздері,
Достарымды сағындым.

Сурет салып, еске алып,
Естелікке жол салып,
Ып-ыстық лебіздеріңнен,
Жаныма жүр ғой нұр дарып,
Достарымды сағындым.

Ойы жоқ тіпті күндейтін,
«Сілкін, шық, бізбен жүр!» дейтін,
Дархан пейіл, кең жүрек,
Сертімен болған мың тірек,
Достарымды сағындым.

Қайғымды бірге бөліскен,
Жұбатып, жылап көріскен,
Жанымды менің аялап,
Құттықтаған жеңіспен,
Достарымды сағындым.

Бөлісетін сырымды,
Оқитұғын жырымды,
Игі тілегін аямай,
Көбейткен жақсы күнімді,
Достарымды сағындым.

Мен туралы білгің келсе, досым,сен,
Сұрамашы әуре болып өзгеден,
Өйткені, өмір сақтануды үйретті –
Артықтау бір сөздерден...

Мен туралы білгің келсе, досым, сен,
Сұрамашы жұмбақтатып өзгеден,
Өйткені, өмір сескенуді үйретті –
Жалған көрер көздерден...

Мен туралы білгің келсе, досым, сен,
Сұрай көрме жалбақтап бір өзгеден,
Өйткені, өмір қашуды да үйретті –
Бос белбеулі «бөздерден»...

Мен туралы білгің келсе, досым, сен,
Сұрамашы көлгірсітіп өзгеден,
Өйткені, өмір тайсалуды үйретті –
Адалдықтан безгеннен...

Мен туралы білгің келсе тағы да,
Түк үндемей отыршы кеп жаныма.
Өйткені, өмір өзі таңдап береді –
Қарасы мен ағын да...

Мен туралы білгің келсе көбірек,
Уақыт тауып сөйлессеңші өзіммен.
Білгің келген кереметтің барлығын,
Ұғып көрші көзімнен...

Мен туралы білгің келсе нақтырақ,
Ой-санаңды тазалашы мықтылап.
Арамызда өрбімесе адалдық,
Үміт артпағанымыз жақсырақ.

Мен туралы білгің келсе, досым, сен,
Сырларымды сұрамашы өзгеден.
Өйткені, өмір қатал екен қашанда –
Тепе-теңдік құрғызбайтын өзгемен...

Мен туралы білгің келсе, досым, сен,
Жақын келіп, сырласа біл өзіммен.
Жүрегіңнен сезсем егер достықты –
Жоғары етіп көтеремін өзімнен!

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Көктем келіп, сең бұзылды қыстағы,
Қарияны шаршатқандай қыспағы.
Көк мұзы да жібіп жатыр көшенің,
Шырай беріп жайраң қаққан жастары.

Сылдыр суы естіледі бұлақтың,
Жағалауы жасылданған құрақ тым.
Гүл сезімдей жайқалтады даланы,
Бүршіктенген жауқазыны алқаптың.

Көктем келіп, көріктенді жан-жағым,
Арылғандай ақ самайдан тауларым.
Қиқулары сән беретін мекенге,
Сағынышы күзде ұшқан құстардың.

Қайта түлеп, жаңарады жасыл бақ,
Ай нұрына жұлдыздары шомылып.
Көңіл-көктем құлпырады тағы да,
Айдын көлге аққуларын қондырып.

Табиғатқа ерке самал елжіреп,
Ұлпа қардың сездіреді кеткенін.
Нұрландырған әсем әнмен бұлбұлдар,
Сүйіншісі қырмызыдай көктемнің.

Белес-белес құмдарын да шөктіріп,
Қара бұлттың толастамай жауыны.
Жұпар иісін аңқытып кең даланың,
Жарасымы көк майсадан табылды.

Көктем келіп, өңі кірді маңайдың,
Ұмытпады түкті кілем жабуды.
Күн сәулесі жарқыраса пердесіз,
Тербеткені жырға толы жанымды.

Елуге келдім, есімде менің не қалды?
Адалдық үшін күрескен ащы тер қалды.
Балалықтың бал дәуренін көксеген -
Жанарымнан өшпейтұғын нұр қалды.

Елуге келдім, есімде менің не қалды?
Қолын бұлғап, қимайтын туған жер қалды.
Өрімталдай он сегізім сағынтып,
Кермек тартқан сағыныштан жыр қалды...

Елуге келдім, есімде менің не қалды?
Қимайтын жандар жүрекке біраз зіл салды.
Амал достардың қатары жатса азайып,
Адал достардың үмігі бірге ақталды.

Елуге келдім, есімде менің не қалды?
Елу жылда санамда менің жаңарды.
Қиналғанда жаныма желеу болмаған,
Еңсесін биік тіктей алмайтын ер қалды...

Елуге келдім, есімде менің не қалды?
Ақ сүтінен анамның үлкен сый қалды.
Қуанышы мен қайғысы бірге алмасып,
Жүрегімде жағаласқан мұң қалды...

Елуге келдім, еркімде менің не қалды?
Өкініштен суалтпайын жанарды.
Мықты болып тәрбиемнің қазығы,
Азамат етсін ат байлар жалғыз баламды...

Елуге келдім, еркімде менің не қалды?
Келер ұрпақ көрмесін менің наламды.
Жақсылығы арта түссін келіннің,
Жалғастыратын тәрбиесімен дананы...

Елуге келдім, еркімде менің не қалды?
Ұстаздық етіп, ұшырдым талай баланы.
Айдынында адалдықтың жүрсем деп,
Өзім де аңдап басатынмын қадамды.

Елуге келдім, еркімді менің не алды?
Өмір сатысы ұсынған маған талайды.
Күйеу балам да елжіреп тұрса екен деп,
Тіл қатқаныммен, барлаймын ылғи маңайды.

Елуге келдім еркімді менің не алды?
Тән алған соң тағдыр қойған бағаны...
Елпілдеп келген, елуім, енді өтінем,
Өзегіме түсіре көрме жараны...

АНАҒА ТАҒЫМ

Шынымен де, мен бақытты екенмін,
Білмей өскен жетімдіктің не екенін.
Тәриесін тал бесіктен сіңірткен,
Әр ақылын түйіп өстім шешемнің...

«Тал бойыңа жина дәйім адалдық,
Пенделікке бой алдыру – надандық.
Жүрегіңмен санаса біл қашанда,
Жексұрын ғып көрсетеді - сарандық», -

Дейтін анам биязы үнмен тіл қатып,
Төсек тартып жатса-дағы қанша жыл.
Қиналса да, бізге күліп тұратын,
Анашымның ақ дидарын аңсадым.

Арылмаған бейнетінен күндері,
Бала кезден көз алдымда сақталған.
Жанарынан сезілетін күй-мұңы,
Бейне бүгін көрінеді бақ маған...

Ибалығы тұратұғын үзіліп,
Ауыр сөзі болмайтұғын ешқашан.
Жанарынан төгілетін жақсылық,
Оған мүлде ұқсамайтын басқа жан.

Мейлі оның кетсе-дағы ақысы,
Сөйлемейтін, болмағандай қақысы.
Соңғы кезде қабырғаға бататын,
Мағынасыз таңның атып, батысы.

Көптен бері көңілімде бар күдік,
Қарайтынмын жүзіне кеп үңіліп.
Дәл сол күні жай-күйінен анамның,
Қалып едім түңіліп.

Кәлимасын қайтарды да естіртіп,
Сол күні оған келгеніндей ерте түн.
Мәңгілікке жапқанындай түйілді,
Өмірінің өлшеулі бір түндігін...

Жымиюдан шаршамайтын анамның,
Сағынамын инабатты бейнесін.
Бейне анам келіп кетіп жүргендей,
Сіңілім келіп, киген сайын жейдесін...

Бұрынғыдай келгеніммен асығып,
Жансыз бейне тіл қатпайды ашылып.
Жүрегімнің сыңсып жатқан мұңдарын,
Сел қыламын, сырт көздерден жасырып...

Тілдеспеймін, келгеніммен шарқ ұрып,
Бұрынғыдай сөйлемеспін тасынып.
Жанарымның құрғатамын көз жасын,
Өзге жандар жүрмесін деп ашынып...

Қош бол, Ана, кеткеннен соң, асығып,
Бар сырымды түйдім ішке жасырып.

Өйткені, сен қарсы алдымнан шықпайсың,
Өзгелерге мақтауымды асырып...

Құйындайын зуылдасам асығып,
Толқын болып, тербелмейсің тасынып.
Жатқан жерің Жәннаттың төрі болсын,
Рухыңа тағзым етем бас иіп...

ТУҒАН ЖЕРІМЕ

Сенің арқаң, туған жерім, жыр жазсам,
Арқаланып қаламымды қолға алсам.
Есімді еске алып ерекше,
Сендік рух, мықтылықпен мақтансам.

Атқан таң мен кештерің де есімде,
Жиі кіріп жүретұғын түсіме.
Табиғаттың тылсымына тоймайтын,
Нәзік қызды жүрегіңнен өшірме...

Бағаң үстем, сағыныштан жыр туса,
Қызың едім ұлықтаған өзіңді.
Саз топырақ куә болған күн сонар,
Еске салар аңғал бала кезімді.

Жеткізбейтін жолдарыңа ынтықпын,
Басылмайды сағыныштан аптығым.
Мұнды әуеннің жетегінен арылмай,
Бұлағынан кәусар жырды ағыттым.

Өзегімді өртеп жатса өксігім,
Аңсағаным туған жердің бесігін.

Би алаңы шақырады кештегі,
Кербез, сылқым әуенінен есіп үн.

Перзенттіктің сездіріп бір салмағын,
Шақырардай мен өзіңе алаңмын.
Мендік жүрек қалып қойған өзіңде,
Ағымымен кетсем-дағы заманның.

Әлде, мүмкін, күтіп жүрсің жолымды,
Еске алып қара қызың сағынды.
Әлде ұмыттың, өлең оқып қуантқан,
Жыр арнайтын сахнадан жалынды.

Сағыныштан өлең өрген ғұмырлы,
Есіңе ал ақын қызды бұрымды.
Маған өмір сыйлағансың мәнді ғып,
Мен де саған ұсынайын жырымды.

ЖАЗЫЛАР ӘЛІ ЖЫР-ДАСТАН

Күйімді менің сұрасаң,
Көңілім кеткен құлазып.
Кімдерге қажет өлеңім,
Кімдерге болар мол азық?..

Керуен көштер қалыпты,
Көңілімнің арғы жағында.
Сынсиды құстар сайрамай,
Қаяу түсіріп жаныма.

Жауабын іздеп шарқ ұрдым,
Мың сұрақ қаптап алғанда.
Қаншама сызат түсірдік,
Бес күндік мына жалғанда?..

Қажеті қанша сүюдің,
Тұрақтылығы болмаса.
Алыстап жақын достарың,
Амалдылары алдаса?

Кербезденіп не керек,
Көкірек ояу болмаса,
Әлемнен таппай әділдік,
Құлады қанша нарқасқа?!

Зерделеп өмір кестесін,
Өрнектеп ойдың бүкпесін.
Шабытым кейде жыр төгер
Қойдырмай маған нүктесін.

Жазылар әлі жыр-дастан,
Кәусарын ашып бұлақтың.
Кейіпкері де болармын,
Қойылар мың сұрақтың.

Жазылар әлі жыр-дастан,
Нөсерін төгіп көктемнің.
Қақпанда қалып жүрмейін,
Қиырын таппай нүктемнің...

ҚАРА ӨЛЕҢ, ҚАРА ҚЫЗҒА ҚҮДІРЕТ БЕР..

Тіршіліктің күйбені жеңіп мүлде,
Қалыппын-ау біршама тұйықталып,
Шабыт-сезім серпілмей түнегінен,
Қара өлең де кетіпті-ау жырақталып.

Өрнектеліп түспепті-ау өзегіме,
Келмеген соң қисынсыз кезегі де.
Құлаш жайып құшақты аспаған соң,
Сәби-өлең үмітсіз безгені ме?...

Жыр шабытым серпілмей түнегінен,
Қалың дәптер сіресті паракталмай.
Қара қылды қақ жарып шықпаған соң,
Қара түнек кеткендей сыр ақтармай?...

Сыр сандығым мезгілсіз құлыпталып,
Кеткені ме орамды ой құрықталып.
Өкпелесем біреуге жас баладай,
Жұбатар ем өзімді жыр ақтарып.

Жыр ақтарып, содан соң сыр ақтарып,
Сүбелі сөз іздедім талаптанып.
Кептелген көкейдегі сұрақтарға,
Жауаптар табатынмын азаптанып...

Қара сөзден айшықтап өлең өргем,
Тігісін жатқызғандай құрақтардың.
Еліктей еркелегем құмар қанып,
Суын ішіп мүшайра бұлақтардың.

Жеңіс тауып ұшқыр ой қаламымнан,
Төгуші едім тәп-тәуір жырларымды.
Тұнық ойдың тулатып толқындарын,
Сусындатқам шөлдеген қырларымды.

Бір нүктеге қадап ап жанарымды,
Қиялымнан ұшырғам арман, үміт.
Мүсіндеп өз Музамды жүргенімде,
Шатастырып байлапты-ау бұл қу тірлік.

Күйбеңі жеңіп мүлде тіршіліктің,
Қалам ба деп қорқамын сұрыпталып.
Қара өлең, қара қызға құдірет бер,
Қалмау үшін мәңгілік тұйықталып!

ӨЛЕҢ ҒОЙ МЕНІҢ ӨМІРІМ

Өлеңде жатыр сыр әлем,
Жаныммен менің әрленген.
Азығын тауып рухтың,
Семсер сөзіммен гүлденем.

Өзгенің отын ұрламай,
Өз жалыныммен күйреткем.
Қара бұлттан соң қаһарлы,
Нәсерің болам селдеткен.

Өлеңім өмір толқыны,
Тербелген ұлы шабытпен.
Шерлі жүректің дауасын,
Өлеңнен келем тауып мен.

Өлеңде еншім көп менің,
Жазуға тұрам құлшынып.
Өлең ғой менің өмірім,
Жүректен шыққан дүрсілдеп...

ҚЫСҚА ҚАЙЫРЫМДАР

Өмір, мені өзгертпеші өтінем,
Айырмашы осы жарқын кейпімнен,
Толтырмашы жүрегімді өксікке,
Өтейінші өзің берген кейпімнен.

Бақыт құсы оңайлықпен қонбайды,
Онсыз өмір мағыналы болмайды.
Қадірін біл, қонса егер өз құсың,
Өкініштің орны қайтып толмайды.

Дегім келер өмірмен ойнамаңдар,
Опық жейді ойлаусыз ойнағандар.
Бұл өмірден өз орнын табады тек,
Алдына мақсат қана қоя алғандар.

Жаксыны да, жаманды да ұмытпа,
Бірі жақын, бірі тұрар жырақта.
Сынағанмен өз ойынды абай бол,
Сырын білмей сыртына тек құмартпа.

Табиғат қандай жақсы көктемімен,
Аспаннан өз нөсерін төкпелеген.
Жанымды жадыратты бұлттанса да,
Далаға көрік берер гүлдерімен.

Әдемі сөз, әдемі ән, әдемі ырғақ,
Болмасын жүрегіне шөлдей құрғақ.
Жаттанды сөз таппайды өз құрығын,
Тек қана алдамшыға желеу болмақ.

Өмір деген өтіп жағыр күнбе күн,
Адамдарға орындатып міндетін.
Мен қорқамын жүйрік уақыт жеткізбей,
Орындалмай қала ма деп міндетім.

МЕНИҢ ҰҚҚАНЫМ

Өмірден әсте ұққаным:
Бітпейді екен сұрағы,
Көтерсе өзі биікке,
Құлата да алады.
Ұмыттырып әлемді,
Қуанта да алады.
Сезімінді елемей,
Сарқып тастап шыдамды,
Көздің жасын көл етіп,
Жылата да алады.
Қайғынды жоққа шығармай,

Барыңды әбден бағамдай,
Көлеңкесін жасырып,
Жұбаға да алады.
Есіңе салып пендені,
Тарта отырып жүгенді,
Алладан – рақым, шапағат,
Сұрата да алады...

АЛҒЫС АЙТАМ ЖҮРЕГІМНІҢ АТЫНАН

Мұң түнеген жүрегімді оятып,
Жанарыма ұялатғың қуаныш.
Сезімімнің сергелдеңін сейілттіп,
Қам көңілге табылғандай жұбаныш.

Мұң түнеген жүрегімді сергітіп,
Көздеріме нұрын төктің үміттің.
Жанарыңмен аяладың жанымды,
Көңілімнің қара сеңін жібіттің.

Мұң түнеген жүрегіме тіл қатғың,
Жұбатқың кеп менің нәзік жанымды.
Патша көңіл масайрады балаша,
Еске алып бақытты бір шағымды...

Мұң түнеген жүрегіме жыр құйдың,
Мәпеледің ғазал туған сезімді.
Алғыс айтам жүрегімнің атынан,
Сырғыта алған мендік сыршыл төзімді.

САҒЫНЫШЫМ САҒЫМДАНЫП КЕТІПТІ

Махаббаттың бастадың да ғазалын,
Сыйға тарттың таусылмайтын азабын.
Тулап жатыр жан дүнием тыншымай,
Мекен ете алмаған соң базарын.

Жүрегімде жатыр талай сөздерің,
Айналғандай иіріміне кезбенің.
Елес болып оралмасам есіңе,
Есінде тұт: менің-дағы безгенім.

Жанарымда жатыр ізі қайғының,
(Неге мұнша тамырланып жайды мұң?)
Махаббатты мәңгі десе біреулер,
Ал мен үшін болып қалды жай ұғым.

«Аяла,-деп,-махаббатты» оқығам,
Жас кезімде махаббатты жыр еттім...
Сағынышым сағымданып кетіпті –
Құлақ аспай мейіріміне жүректің.

ӨМІР СҮРЕМ ӨШІГЕ...

Шықпай менің зарлы үнім өзектен,
Кей сәттері уақыт өтпей күнелткем.
Ақ қағазды шимайладым сыр төгіп,
Арылардай шер-мұңымнан күні ертең.

Жүрегімнің тұрақтатпай талғамын,
Сезімімді жұмбақ үнмен жалғадым.

Көздерімнің сейілмей-ақ нөсері,
Қара бұлттай түнереді қабағым...

Жанарымнан жасқа толған ұялдым,
Жетегіне ердім бе деп қиялдым.
Тұсауладым ерік бермей сезімге,
Қаптағанда толастамай қия-мұң.

Жүргеніммен жайраң қағып, іште мұң,
Аласұрған сәттерімнен түңілдім.
Қайран қалдым дұшпан түгіл досқа да,
Желбіреткен шақта туын жеңістің...

...Мұқаламын кейде осылай мұң шағып,
Көмілген соң күйбең тірлік көшіне.
Тағдыр мені сынаса да ұмытпай,
Өмір сүрем, өмір сүрем өшіге!

ЖҮРЕГІҢНЕН СҰРАСАҢШЫ...

Басқа баққа сайрағанмен үн қатып,
Жүрегіңнен сұрасаңшы тіл қатып.
Шынайылық ұялаған сезімді,
Қойғаның ба құлыптатып?...

Айдынында жүзбеген соң қос аққу,
Толқыны да жайбарақат жатпайды.
Селдеткенмен жаңбыры кеп беймезгіл,
Тұнық суың ақпайды.

Бұрмеленген көйлегімнің етегі,
Сезіміңдей күйдірмейтін келте еді.

Жанарыңда қалып қойған бейнеме,
Табынбасаң не етеді?

Мөлдір сезім мөлдір көзің секілді,
Улай ма екен санасын да өзгенің.
Бақытты боп көрінетін кейпіңді,
Келбетіне ұқсатамын кезбенің.

Жүрегінді маған ғана басқартып,
Жүресің бе өзгелерден бас тартып?
Қылығыңды құптамасын мойындап,
Көкейімде жатқаннан соң мұз қатып.

Сенің оғаш қылығыңа таңданып,
Қайта ұстадым пенделікпен жағамды.
Тек Алланың шеберлігіне тәнтімін,
Асқақтатқан бағамды!

Есіңе алып бейкүнә бір жанарды,
Ар-ұятпен қамап қойшы санаңды.
Күрек тісін қадаса да бұл тағдыр,
Адалдықтан бездірмеген адамды,
Аямаған наданды!

ЕСЕҢГРЕП ЕГІЛДІМ МЕН ІШІМНЕН

Саған ғана ақтарған соң сырымды,
Күтетінсің тек таңдаулы жырымды.
Мейіріне қанатынсың көзімнің,
Сөздерімнен қуат алып жалынды.

Жүрегімнің бөлшегі едің қимайтын,
Сол қимастық нәзік үміт сыйлайтын.
Жанарымды төңкергенде амалсыз,
Күрсінгенім - жаныңды кеп қинайтын...

Әлемімнің иесі едің нәп-нәзік,
Қарайтұғын жанарыңмен ұрлана.
Күлім қағып келгеніңде шарпып от,
Тап болғансың қаяу басқан мұңдарға.

«Көрсетпеші, көздеріңді мұңданған,
Сағыныштан құса болып жынданам.
Бақытына айналғанда басқаның,
Токтап қалған бұл ғалам.

Жанарыңнан ұғайыншы еркелік,
Төгілгенсің мұңы болып шерімнің.
Тәтті үніңді сергітетін сағындым,
Табы қалып таңдайымда ерніңнің»,-

Дегенсің сен серідейін көсіліп,
Қалатындай тағы да бір кешігіп.
Есеңгіреп егілдім мен ішімнен,
Алмағанға сезімніңді өшіріп...

Бірақ, бірақ қу тағдырға амал жоқ,
Жүргеніңмен іштей тынып, кешіріп
Елесіңді місе тұттым қашанда,
Сезсем-дағы келеріңді кешігіп....

БІЛГЕНМІН КЕЛЕТІНІҢДІ

Айта алмай мені сүйетініңді,
Сағынып іштей жүретініңді.
Сезесің, бірақ шарасыз күйде,
Көзіндегі мұнды білетініңді...

Ұнаттың риясыз күлетініңді,
Биязы қалпыммен жүретініңді.
Жанарыңнан-ақ аңғарғам талай,
Бір күні аңсап келетініңді...

Сеземін сөзсіз келетініңді,
Жаныңа медет беретініңді.
Ғашықтар мәңгі қоштаса алмаған,
Жүрек әміріне көнетініңді...

МҰҢҒА НАЗ

Жанымды менің жабырқатпа есте, мұң,
Үрейленген жүрегіме бер тыным.
Жарамның бар сыздайтыны ол, рас,
Тағат тауып жиналсыншы ет-жеңім.

Жанымнан өтсең, өтінем, маған қарама,
Қиығын да сала көрме, көзіңнің.
Қарс айырма көкірегімді шер беріп,
Морт сынатын кезі келді төзімнің.

Неге енді меңіреу күй кешемін,
Берсем-дағы тағдырымның есебін.
Ұйқымды да ұрлап жатыр аямай,
Азайтқандай сәулесін тар көшенің.

Есіме алып қайтем енді өткенді,
Қи, тағдырым, маған осы көктемді.
Сынағыңды қарсы алдым қаншама,
Кешіп өтіп өзің берген өткелді?

Батпандай бақ бермейтінің тағы бар,
Өлшеулісін бере салшы бағыма.
Жабырқаған көңілімді көтеріп,
Нұр-сәуленді төге берші жаным...

ЖҰМБАҚ ӘЛЕМ

Үміт-қиял, үміт-арман жетелеп,
Бұл жүректі қалай ғана алдайды?
Сағынғанда сағым болып жеткізбей,
Сыйлайды екен ғұмырлы ғып мұң-қайғы.

Жақын етіп жүрегіммен жаныңды,
Үміт-арман неге сонша арбайды?
Сезімінді сарқып ішіп жылпос ой,
Пәк көңілді түпсіз етіп жалмайды.

Көздеріңнің қарашығын төңкертіп,
Үміт-қиял ап кетеді алысқа.
Жалынына махаббаттың өртеніп,
Бәйгесі жоқ кірісесің жарысқа.

Жүрегіңді жәбір көрген аяйсың,
Титтей мұң да тиіп жатқан түрпі боп.
Жұмбақ әлем отырғызып тақырға,
Құпиясын жасырады кілті жоқ...

КӨЛЕҢКЕСІ КЕРЕК ЕМЕС ӨМІРДІҢ

Күйге еніп шүбәланған көріксіз,
Жанарымды жасқа малдым еріксіз.
Мына адамдар неге сынап-мінейді,
Неге осы мін іздеуге жерікпіз?

Жайып тастап жапырағын көңілдің,
Сезім-сырға риясыз берілдім.
Издегенім күннің нұры болатын,
Көлеңкесі керек емес өмірдің.

Мөлдір жасын тиып тастап жанардың,
Келіп тұрған шығар мүмкін жаңарғым.
Тәнті болсам дауысыңа баураған,
Жылы сөзді күтіп тұрған шығармын?

Жұлмаланған жүрегімді қозғап ап,
Не істерімді білмей тұрған шығармын.
Жастық шақтың базарына кіріп ап,
Қайтатын жер таппай тұрған шығармын?

Ай мен күнді шатастырып әп-сәтте,
Нақұрыстау күйде тұрған шығармын.
Қол созсам да жетпейтұғын болған соң,
Үндемейтін күйде тұрған шығармын.

Ал сен болсаң бір сөзіңмен алайда,
Жолын салдың ойламаған күдіктің.
Үндемеуге бекінгенмін сондықтан,
Менің нәзік жүрегімді ұқсын кім?!

ТӘТТІ МҰҢ...

Жанарыма ұялапты тәтті мұң,
(Бәлкім, содан мен сен үшін тәттімін)
Сен алыстап кете алмайсың, өйткені,
Жібермейді селт еткізген тәтті үнім...

Жанарымда жатыр менің тәтті мұң,
(Бәлкім, содан өзгелерге қаттымын)
Сағым болып кетсең-дағы кенеттен,
Құлағыңда қалып қояр тәтті үнім...

Жатыр менің жанарымда тәтті мұң,
Сағыныштың жұтып алып тәтті уын.
Тәтті мұң мен тәтті қиял тербеліп,
Жүрегіме себеді ғой тәтті нұр...

Жанарыма тұрақтаған тәтті мұң,
Сейілуін сұрамашы тәттінің..
Сол мұңыммен іштей ғана тіл қатып,
Келер күнге үмітімді арттырдым.

Жатады ылғи жанарымда тәтті мұң,
(Шақырардай бейне сені тәтті үнім).
Өз жолыма кілем төсеп сабырдан,
Мен Алладан тілеп тұрам сәтті күн.

Тәтті мұңы жанарымның жарасып,
Бара жатыр күннен-күнге бел асып.
Қырларына шығам кейде қиялдың,
Бір-бірінен кетпесін деп тарасып...

ЖЫРЛАРЫМНАН АППАҚ СЕЗІМ ӨРІЛГЕН

Соқтықпалы бұл тағдырда мың түрлі,
Кейбіреудің айы туып құлпырды.
Кейбіреудің жүзі жарқын болса да,
Қамап ойлар, қамшылайды сан түрлі...

Уақыт, тіпті, күтпейді екен аялдап,
Сезімімді жүргеніммен аялап.
Ең қиыны: екеуімізге жазбапты,
Қол ұстасып жүрер мәңгі саябақ...

Ақ ұлпамен қыс та келді аяндап,
Санаспай-ақ менің нәзік үніммен.
Байқаймысың, бұл күндері тәп-тәтті,
Жырларымнан аппақ сезім өрілген.

Өткен күнге өкпе артпаймын бұртиып,
Әр күнімді жүрем дәйім ұлықтап.
Жанарымнан жас көрмейсің беймезгіл,
Жүрегімді қойғандаймын құлыптап...

КҮРЕҢ ТАРТҚАН ӨМІРІМЕ КҮЗ КЕЛДІ

Күрең тартқан өміріме күз келді,
(Өкпе артып отырмаспын күзге енді).
Селт етпеген нәзік менің сезімім,
Құбылмалы күз секілді өзгерді...

Күрең тартқан өміріме күз келді,
(Сенім артып отырармын күзге енді).
Селт етпеген менің нәзік сезімім,
Іздейтіндей алабұртып өзгені...

Күрең тартқан өміріме күз келді,
(Алаңдайтын болдым ба екен күзге енді?)
Селт етпеген нәзік менің сезімім,
Жүрегіне жақындатпақ өзгені...

Күрең тартқан өміріме күз келді,
(Аңсар ауып, күтемін-ау күзді енді?)
Селт етпеген менің нәзік сезімім,
Көңіліне ұялатпақ өзгені...

Күрең тартқан өміріме күз келді,
(Іздейтұғын халге түстім күзді енді).
Селт етпеген нәзік менің сезімім,
Көздерімен іздейді ғой өзгені...

Күрең тартқан өміріме күз келді,
(Жоғалтқандай күтемін ғой күзді енді).
Селт етпеген менің нәзік сезімім,
Аңсайтұғын болыпты ғой өзгені...

Күрең тартқан өміріме күз келді,
(Жек көрмейтін болдым, сірә, күзді енді?)
Суық күз де жанға жылу сыйлап жүр,
О, Тәңірім, сол сезімді бұзба енді!!!

Бір мұңы бар астарында күлкімнің,
Ыңғайына құлатпайтын еркімнің.
Сызат түскен жүрегімнің қатпары,
Табы емес пе сынаптайын сертіңнің?

Мейірім шашып тұратұғын күлкімнің,
Мейірімге тоймағанын білсін кім?
Толқығанда қуаныштың жасы боп,
Төгіледі жанарымнан тылсым сыр...

Әдемі боп көрінетін күлкімнің,
Тереңінде не жатқанын ұқсын кім?
Кермаралдай керілемін жарасып,
Сақтаған соң аманатын сертімнің.

Дейсің ғой: «Іздеп едім, жаным ұлып,
Көрінбей кеттің,-дейсің,-сағындырып».
Жаралы жүрегімнің емін таппай,
Езу тартып күлгенмен, жаным - сұлық...

Дейсің ғой: «Көрініп тұр аракідік,
Сені маған жақындатқан қандай қылық?»
Түйіні табылмайтын сан сұрақтан,
Жабығып күй кешемін, жаным ұлып...

Деме сен: «Жырларыңда мұң қаншама,
Неліктен көздерінде мұң тұнады?»
Рас, кейде көңілім алабұртып,
Жүрегімнен жылауық жыр туады...

Жыр туады өксігі басылмайтын,
Сыздаған жүрегіме дамыл бермей.
Жыр жазғанда саусағым дірілдейді,
Өрекиді жүрегім тыным көрмей.

Мұң кешемін айындай жұлдызы жоқ,
Жұлдыз іздеп көзімді телмеңдетіп.
Түсіңнің кейіпкері боп қалайын –
Келетіндей өнімде ат терлетіп.

ЖАНАРЫММЕН ҰҚТЫРАМ...

Қиялыма қанат бітті тағы да,
Жаралмаған жан болса да бағыма.
Ілтипатпен күлімдейтін көзқарас –
Нұр төгеді шуақ шашып жаныма.

Көзқарасы шарпып өтті өн-бойды,
Бейне діріл қаққанындай жүректе.
Ибалықпен жымиямын кектенбей,
Жылы сөзім жетпесе де жүрекке.

Қиялыммен шартарапты шарлаймын,
Төргі орынды ұсынғандай жүрегім.
Дүрсіліне қанша құлақ түрсем де,
Жібермейді тәрбиелік әдебім...

Кездескенде тіл қатпаймын, ол, рас,
Жанарыммен жайбарақат ұқтырам.
Мендік ғазал – сырлы әлем сезінсе,
Сезінбесе ол да, бәлкім, бақ маған...

МАХАББАТТЫ АРТЫҚ ҚОЙҒАМ ӨЗГЕДЕН

«Болады ма Сізге сұрақ қоюға,
Фаризаны көп оқисыз қалайда,
Сезім жайлы сыр шертесіз тұңғиық,
Фаризадай болу, сірә, оңай ма?

Сол ақынға ұқсағыңыз келе ме,
Сезім жайлы өлеңіңіз көп неге?
Сарказмға салыныпсыз дәл солай,
Ғашық болып көргенсіз бе біреуге?-

Деп сұрады бір оқушым көлденең,
Жібіп кетті сұрағынан мұз денем.
Көз жүгіртсем, көсіліппін өзгеше,
Махаббатты артық қойып өзгеден...

Эпиграфы етіп талай хаттардың,
Мұқағали, Фаризаны жаттағам.
Ақұштап пен Күләштардың сезімін,
Жүрегіме ұялатып баптағам.

Бағын ашқан талай сазгер ағаның,
Көктемінен Тұманбайдың нәр алғам.
Қалықтатып шерткен сезім пернесін,
Шәмші ағаның Музасына табынғам.

Таңды атырдым сақтау үшін сезімді,
Мөддір жасын тыя алмай көзімнің.
Пәк сезімді жоғалтқанда сезінгем,
Морт сынғанын мендегі нық төзімнің...

Жүрегіме сызат түсіп талпынғам,
Нәзік жырын оқығанда ақынның.
Соқыр сезім таба алмаса иесін,
Найзасынан пайда түспес батырдың.

Әуеніне әр беретін бұлбұлдың,
Ғажаптығын сиқырының сезіндім.
Пәк сезімнің бар ма екен тұрағы,
Тұңғиықтан таба алмаса шешімін?

Ғазиз жүрек қартаймайды сүюден,
Ғазиздігің болса егер түйінген.
Мұқағали бастап берген тәтті мұң,
Ақындардың жырыменен сөйілген.

Фаризаның сүю жайлы мақамын,
Жүрегімнің нотасындай тыңдағам.
Жауабы жоқ сезімдерді өшіру -
Көріп тұрып көлгірсумен тең маған.

Мұхтар жазған махаббатқа сүйінгем,
Ой беретін менің аңғал күйімнен.
Талай сүйіп, талай сұлу құшқаны,
Ақындардың өлеңімен өрілген.

Демек, мен де ғашық болғам дәл солай,
Сыр шерткенмін болмысымды жасырмай.
Сыздағаны жүрегімнің - жырларым
Борандатып бара жатқан басылмай...

Демек, мен де сүйе білдім дәл солай,
Өн-бойыма пәк сезімім жарасып.
Жыр оқыдым ғашық болған шағымда,
Ақындардың ойларымен таласып.

Дәл солардай ғайып болған сезімге,
Таң қалғанмын сорлы жүрек шарқ ұрып.
Көктем болып гүлдегенмін кенеттен,
Бүкіл әлем тұрғанындай шат күліп.

Дәл ақындай лириканы таңдағам,
Махаббаттың күйін кешіп саналы.
Фаризадай бола алмаспын ешқашан,
Ал сезімім түсірмес-ау бағамды.

Кездім қиял мың шұқырды аралап,
Жүрдім содан Фаризаны жағалап.
Менің жырым орын тапса жүректен,
Отырғаның нәзік күйді бағалап...

БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ДАЙЫН ЕМ

Бақытты болуға дайын ем,
Сен келіп енгенде тағдырға.
Отырғам қоштасып өткелмен,
Қарамай ұлыған дауыл мен
Сел болған жаңбырға...

Бақытты болуға дайын ем,
Сен келіп үздіккен шағыңда,
Бәріне сермеп қол отырғам,

Қарамай өршіген өсек пен
Елдердің бітпейтін дауына...

Бақытты болуға дайын ем,
Елжіреп жылы сөз айтқанда.
Көңілде бөлмегем ешкімге,
Көлгірсіп ақылын айтқан мен
Миықтан күліп бір қайтқанға...

Бақытты болуға дайын ем,
Көздерден бақытың тұнғанда,
Қасқып орнымнан тұрып ем,
Бітпейтін өмірдің күйбеңін
Үкілі үмітпен жалғауға...

Бақытты қалайтын адамға,
Сын сағат көп екен қашанда,
Қарсы алам көзіммен мұндана.
Қоштасар сәт келсе, қол бұлғап,
Кетпесем болғаны жындана.

КЕРБЕЗ КӨҢІЛ АУАДЫ СІЗГЕ ҚАРАЙ...

Сағым жылдар салады өз өрнегін,
Тағы да таңым атып, көз ілмедім.
Сізді алғаш көргенімде өрімтал ем,
Таң қалуға келмес-ау өзгергенім.

Жараспас мүлде тіпті күрсінгенің,
Көргенде қайта Сізді қуанғанмын.

Ол кезде түнек сырды ұқпағанмен,
Байқалды күлкіңізге жұбанғаным.

Көзқарасты еске алдым өзгермеген,
Суымас сезім көрдім көздеріңнен.
Езілгенмен жүрегім жамау таппай,
Жылып неге барады мұзды денем?

Мен бірақ өзгермегем, осы күйім,
Жазамын әлі өлең баяғыдай.
Мұң сезімнің алқасын таққан сайын,
Кербез көңіл ауады Сізге қарай...

МЕН СЕНІ СҮЙЕМІН, ӨМІР!

Мен сені сүйемін, өмір,
Жайнаған күндерің үшін!
Еркелеп құшағыңда
Риясыз күлгенім үшін.

Мен сені сүйемін, өмір,
Сыйлаған дарының үшін!
Шабьттың жетегінде
Жазылған жырларым үшін.

Мен сені сүйемін, өмір,
Ең биік арманым үшін!
Жақсылық нышаны болған
Ақ пейіл жандарым үшін.

Мен сені сүйемін, өмір,
Басқаға ұқсатпағаның үшін!
Сан түрлі сынағыңнан
Бас тартпағаным үшін.

Мен сені сүйемін, өмір,
Арайлы ақ таңдарың үшін!
Сенің мерейіңді ойлап,
Адалдық сақтағаным үшін.

Мен сені сүйемін, өмір,
Жарық күн бергенің үшін!
Биязы қалпымды сақтап,
Қиынды жеңгенім үшін.

Мен сені сүйемін, өмір,
Өзіңе келгенім үшін!
Қуантшы, мұнайта бермей,
Ақын боп жүргенім үшін!

КҮРЕҢ ОЙ

(Белгілі қозғам қайраткері, сахна саңлағы

Т.Жаманқұловқа арнаймын)
Қилы қилы тәуекелдер,
Адастырып қалайда...
Тайып кету жазатайым,
Болып кетті-ау оңайға.

Жабырқасам бұлт түнеріп,
Күрең тартқан бұл ғалам.
Сүрлеу жолдар артта қалып,
Тұнық ойды ұрлаған.

Санасына бұл пенденің
Күңгірт кілем төселген.
Болашақты барламайды,
Өтіп жатыр «жесеммен»

Зар заманы бабалардың,
Жармаса ма жағадан?
Иті үріп басқа ауылға,
Қасқырлары қабаған.

Балта шауып тамырына,
Қарапайым халықтың.
Өнерлінің өрге жүзген
Пешенесін тарылттың.

Торуылдап торға түскен,
Еске салдың алаңын.
«Шүрегейге» табындырып,
Сағы сынған балаңның.

Қыршын жастар желтоқсанда,
Құрбаны боп жаланың.
Ақ үйдегі ағалардың
Шортан кескен балағын...

Аузы тағы ашылды ғой,
Ірің көзді жараның.
Айтындаршы, өнердегі алыпқа,
Қалай жала жабамын?

Сенгім келмей сергелдеңге,
Жасты іріктім көздегі.
Тағдыр тәлкек жапырақтай,
Қимай талдан үзгені...

...Ала бұлттың арасынан,
Күн көрінсе жарқырап.
Алтын күздің белгісіндей
Аруланса атырап.

Деймін іштей күбірлеп,
Үміт артып жалғанға.
Тамырланып ой салса екен,
Тек тағылым алғанға...

ПОЭЗИЯ АЛЫБЫСЫҢ СЕН БҮГІН

Мен өзінді көрмесем де, аңсаймын,
Ақын ағам - Алатаудай асқарлым.
Жырларыңа ғашық болдым ерекше,
Жаттадым да, күдірет қып жастандым.

Әрбір сенің туындыңнан ой түйіп,
Арман қуып болашаққа жол салдым.
Өршілдігің болмаса да бойымда,
Жотасы да жетер дедім асқардың.

Ақын аға! Толғауы мол жырыңның,
Тек түсімде бұлағы боп ағылдым.
Рухыңмен сырласқанда оңаша,
Жырларыңды тұмар етіп тағындым.

Жырларыңның сезіп жойқын жалынын,
Сөздеріңнен алдым шексіз тағылым.
Дәл өзіндей болмасам да өзіңе,
Бұл Тәңірден ұқсатшы деп жалындым.

Сімірдім де жырларыңның лағылын,
Сезіміңе аппақ болған бағындым.
Сенің жауһар жырларыңнан нәр алғам,
Мен сол үшін талантыңа табындым...

АҚЫН АҒАҒА

Ақ самайға тірелді екен қанша мұң,
Қыздар, мүмкін, ғашық болды қанша мың?
Ақын ағам, көлгірсітіп күлгем жоқ,
Сіздер келген елудегі жастамын.

Мейлі елу, мейлі алпыс болсын жас,
Бұл адамдар махаббатқа мәңгі мас.
Жүрек мәңгі қартаймайтын дүние,
Сезімінді сейілтпей бір тарқамас.

Жырды жазып әспеттейсіз қанша күн,
Қарап қойып суретіне басқаның.
Тоздырған тек көйлегіңіз болмаса,
Сіздер келген елудегі жастамын.

Арбаламын сиқыр сөзге ақындық,
Біздердегі осал емес жақындық.
Жараланса жүрегіміз сан мәрте,
Қанша жанды ғашық етіп «қатырдық».

Жанарымнан байқалатын мұң табы,
Жүрек құрғыр бастамақшы не тағы?
Ғашықтардың мекені ғой ақындық,
Құс сайрайтын сырлы сезім бағбаны.

Ақын аға, алғысым көп пейіліңе,
Тілге тиек етіпсің өлеңіңде.
Сағыныштың кермегі күнін санап,
Жете алмай жүрмін өлең өңіріне.

Көк дәптерге шүйлігем таң атпастан.
Келтіре алмай жырымды өз бабына.
Мен бақытты жан екем теңеуі жоқ,
Өлеңімді күтетін жандар барда.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ

Көкейімде жатыр менің сан сұрақ,
Жырларыма шабыт берген ой құрап.
Тәуелсіздік жайлы бүгін сыр шертсем,
Ағар ма екен көкейдегі жыр-бұлақ?

Елдің мынау - тарихы жатыр тереңде,
Қасірет шегіп, жолын салған белеңге.
Суырып ап семсермен тарих белесін,
Тебіреніспен қосайын ұлы өлеңге.

Тарихтың шолып, өткенін салсам шолпыға,
Есеңгіреймін келе алмай өз қалпыма.
Еркін күнді аңсаған ата-бабамның,
Қайран қалам азап тартқан жолына.

Сұрасам далам жылап тұрып сыр айтты,
Айтқандары нар көңілімді мұңайтты.
Кіндік қаны тамған әрбір пенденің,
Туған жері жыламайд деп кім айтты?

Тәуелсіздік аламын деп бұл жерім,
Талай қанға малдырыпты ет-жеңін.
«Шұбырынды ақтабаны» - бір белес,
Еркіндікке бетін бұрған бектердің.

«Заманай» деп ән салыпты көшкіндер,
Көздің жасын сорғалатып амалсыз.
Басқа елдің топырағы бұйырып,
Зираты да қалған екен қараусыз.

Тарамданып көздің жасы ағады,
Болмаған ғой содан басқа амалы.
Аштан қалған балаларын қия алмай,
Жәутендепті сорлы ананың жанары.

Ал, кейбірі етін жепті туғанның,
(Іштей қайтем, көзін жаспен бұғанын?)
Зар заманның ақындарын тыңдасам,
Зар илеумен тыныстайды мұңдарым.

Ел мүддесін қорғау үшін Махамбет,
Тезге салған қиыс басқан сұлтанын.
Ел қорғаған Исатайдан айырылып,
Аш өзекпен жазған екен «Тарланын».

Зар заманнан тар заманға ауысып,
Революция сыйлапты дейд кеңдігін.
Конституция ұсынса да адал заң,
Бұл қазағым сезінбепті теңдігін.

Соғысында Ұлы Отанның атой сап,
Көкірегін кере ашқан қазағым.
Айырылып тілі менен дінінен,
Тарта түскен бодандықтың азабын.

Басқа ұлттың арасында үнсіз қап,
Аштықтың да айта алмаған хабарын.
Азаттыққа азаппенен жеткен тек,
Алаңғасар, аңғал менің қазағым.

Келгенінде өзге елден «шүрегей»,
Тойтарысты берген еді жастарым.
Алаңында орталықтың қансырап,
Қара тасты көлегейлеп жастандың.

Иман берген парасатты пайымдап,
Жастар шыққан болашақты аңсаған.
Санаспаған жас алыппен жендеттер,
Абақтыға ұрып-соғып қамаған.

Қабырғасы қайыспаған ел қалмай,
Жұбатылмай тұншықты кеп жанарлар.
Құрбан болған азаматты Қайраттай,
Тектен текке қыя алмады адамдар.

Сәбира мен Ляззаттайын арулар,
Қыршын жасын қиған еді елім деп.
Сол жастардың рухы мықты екенін,
Тәуелсіздік жатыр, міне, дәлелдеп.

Тәуелсіздік тұла бойын қарыштап,
Жатыр елім кең пейілмен тыныстап.
Қасық қанын қиған жандар үшін де,
Отырайық дұғамызды бағыштап.

Жанарлардан көздің жасы тамбасын,
Қунышты күндеріміз таңдалсын.
Мақтан тұтам қазағымды қашанда,
Тәуелсіздік жасасын деп сан ғасыр!

ТОҚТАМ БЕРІП ӨЗІМЕ ТАҒЫ ҚАЙТТЫМ...

Алабұртқан жүрегіме тоқтам беріп,
Көпшіліктің ішінен сені іздедім.
Елегзіп, есеңгіреп жүр ме екен деп,
Бағына барғым келген күрең күздің.

Тоқтам беріп өзіме тағы қайттым,
Тәтті мұңым тағатсыз күте ме деп.
Жанарыңнан байқасам жасандылық,
Безіп сенен мәңгілік кетем бе деп...

Кетем бе деп қорықтым үміт үзіп,
Жүрегімнің тарқатпай сыңсу-шерін.
Барғым келген жаныңа тағат таппай,
Төксін деп жүрегінің мейірімін.

Тоқтам бердім тағы да батыл жетпей,
Аяладым жанымды көктем өпкен.
Мен сенің құзырыңа дайын едім,
Келер болсаң, мен үшін ұшып көктем.

Шуағың боп күн нұрынан төгілдім,
Жүрегімді мекен етіп егілдің...
Шарықтаған шабытым ең беймезгіл,
Сайрайтұғын құсы едің көңілдің.

Жүрегіңді мекен етіп егілдім,
Нәзік сезім пернесінен төгілдім.
Тұнық сырдың падишасы ем алдыңда,
Кәусары едім інжу-лағыл жырыңның.

Жүрегіңнің көктемі едім гүлденген,
Тотықұстай көз алдыңда түрленген.
Жақұты ем сезіміңнің ең мөлдір,
Жүректегі жырыменен нұр берген.

Шағаласы ем тұнық қана көліңнің,
Жалыны едім алаулаған сезімнің.
Жүрегіңнен орын алған ай едім,
Назы едім мөлдіреген көзіңнің.

Сыбызғыдай сызылатын үнімнің,
Тапқаның ғой айырбастар серігің...
Менің нәзік жүрегімді ұмытсаң,
Болмағаны мен деп соққан жүрегің!

Жақын болып көрінгің келгенімен,
Көлеңке боп сезімің жүргенімен,
Сағынсаң да тұсау боп жүргізбейді,
Уақыт-емші, ерікті бергенімен...

Қиялдың құшағына сан кірсең де,
Санассаң да, тағаттың тұтқасы боп.
Жүрегің жүрегімді қалағанмен,
Өзгенің құшағында боласың от.

Мен жаққа секунд сайын қарасаң да,
Меншіктеп өз бағыңа баласаң да,
Тағдырдың тарам-тарам жолдары кеп,
Біздерді қосып қойған адасқанға...

Жақын болып тұрсаң да, алыстасың,
Жанарыңда қалғанмен мендік елес...
Жылы сөзің жатса да көл-көсір боп,
Сендегі барлық болмыс мендік емес...

Түсінбейсің, сен мені түсінбейсің,
Сен менің аңсап көрер түсімдейсің.
Оңаша ойға қалған сәттерімде –
Жебейтін шабытымның күшіндейсің.

Түсінбейсің, сен мені түсінбейсің,
Сен менің жақын тұтар кісімдейсің.
Менің нәзік жүрегім үркек еді –
Сол жүректің дүрсілін түсінгейсің.

Түсінбейсің, сен мені түсінбейсің,
Қалайша жабырқаумен жүрсін дейсің?
Көңілімді жұбатар жан іздесем –
Жалғыз өзің екенін түсінгейсің.

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ АЙТАТЫНЫМ КӨП БІРАҚ...

Қиялымда мыңдаған ой, мың сұрақ,
(Таппайтыны белгілі ғой бір тұрақ).
Қалай жауап берерімді білмеймін,
Қимас адам тұрғанында жөн сұрап...

Өзім жайлы өрнек тіксем, кестелеп,
Естеліктер жазар едім дестелеп.
Өттең, мені уақыт күтіп тұрмады,
Бұл күндері болып қалдым естірек...

Төгілмеді селге айналып, жыр-бұлақ,
Жазғандарым болып жатты ой-құрақ.
Қызғалдағы болмасам да өмірдің,
Өзім жайлы айтатыным көп бірақ...

2016

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ...

Өзім жайлы өзім айтып төгілем,
Нәрлі бақтың жемісіндей төгілген.
Білетінім сенім артқан жандардың,
Батасы мен алғысынан көгергем.

Өзім жайлы өзім, мүмкін, айта алам,
Шіркін, өмір басталса ғой қайтадан.
Төгетұғын лағыл жырды көмейден,
Болар едім нағыз ақын майталман.

Өзім жайлы өзім айтып паш етсем,
Жалқаулықты болмысыммен қас етсем.
Әрбір ақын татқанда жыр кәусарын,
Арманы асқақ, өрімталдай жас екен.

Өзім жайлы айтсам егер көсіліп,
Ой санама қалмас едім өшігіп.
Мен өзімнің таңдағанмын жолымды,
Алмау үшін өзгелерді көшіріп.

Өзім жайлы сөз бастасам шешіліп,
Өткенімді тастамас ем өшіріп,
Мендік әлем жаралса да тұнықтан,
Бар бақытқа жеткендеймін кешігіп.

Өзім жайлы айта алсам нақтылап,
Жүгінемін бар болмысқа нақтырақ.
Сергелденнен шыға алмасам сан соғып,
Менен гөрі досым болған мықтырақ.

Өзім жайлы ойға қалып сыр шертсем,
Бітпей қалып жатады ғой гүл-кестем.
Өйткені ылғи орамды ой таба алмай,
Мең-зең болған меңіреудей күн кешем...

Өзім жайлы... буылған соң бел бекем,
Болашаққа аттанардай күні ертең.
Күн мен түнді ауыстырам әп-сәтте,
Жазу үшін мағыналы жыр көркем.

Өзім жайлы шерте алсам баптап үн,
Қанша сырды ішке бүгіп сақтаппын.
Сырын ұқпай кетем кейде таң қалып,
Жанарымнан төгілген сан моншақтың.

Рас, өмір мені еркелетіп көрмеген,
Содан, бәлкім, жоқты іздеп сенделем.
Жүйрік ойдың табылмаса тенеуі,
Қалған-құтқан күрмекпенен күн көрем...

Өзім жайлы тебіренсем тереңнен,
Қателікке бармақ тістеп егілем.
Жігерімді құм етпеймін сонда да,
Қиын сәттер туындаса көлденен.

Қара күштей еңбегіме терлегем,
Көрейін деп жеңісімді өрлеген.
Қара сөздің сүбелісін таңдадым,
Жазайын деп ұлы Абайдай құнды өлең.

Өзім жайлы, міне, осылай серпілдім,
Мір оғындай ұлы күштей серпіннің.
Билік жасап, әділдігін жеткізген,
Тұяғы едім Әйтеке би тектінің.

Өзім жайлы айтады екем қашанғы,
Мендік әлем болған емес жасанды.
Құдіреттің қиып берген дарынын,
Тұмар етіп тақсам деймін жасаулы.

Жақұтымды тердім жеңді түрініп,
Асқар таулы арманым жүгініп.
Кешіріндер ақын қыздың аңғалын,
Кетсем егер алдарыңда сүрініп...

ӨЗІҢЕ

Арбалып менің тәтті сөздеріме,
Қалайда нұр толды ғой көздеріңе.
Мен сенің жүрегіңде тұрақтасам,
Желеу сөзің ұшпай ма өзгелерге?
Мен сені жолықтырсам жастығыңмен,
Сен де маған сыйларсың наз күнімді,
Тәтті үніме балқытсам қорғасындай,
Қарымтаға сыйлама тәтті мұңды.

Сендік болса үнім де, түнім менің,
Жырың болып, көмейден төгілермін.
Жүрегің жүрегімді тағаласа,
Жаныңның ләззаты боп егілермін.
Сезімің алаулаған шарпып өтсе,
Еркімнен тыс алдында сөгілермін.
Құшағыңның жалыны өргемесе,
Белгілі ғой еріксіз егілерім...
Зерделесем, тұңғыық сырларыңды,
Қалайсың-ау жас баладай нұрлануды.

Төрімнен жүрегімнің орын алсаң,
Сыйлар ем шәрбат татқан бұлағымды.
Елжіреп, еркелесем құшағыңда,
Сағынышты маған деген басамын ба?
Жанарың аймаласа арбап мені,
Тулаған толқындайын тасамын ба?
Ойланарсың ой шолып маңайыңа,
Тік қарай аласың ба жанарыма?
Жүрегім болғанымен өте нәзік,
Тіл қатпағам батырдың талайына.

Сезіміңді өткінші бір тағала да,
Шақыра көрме енді жағалауға.
Ақын қыздың жүрегін дарқан тұтқан,
Жігіттерді үйреткем бағалауға.

Тағдырға бар ма, сірә, көнбес пенде,
Жанарыңмен арбама кездескенде.
Мен шықпаймын сенімен белдесуге,
Досың етіп қабылда жүздескенде...

ЖОЛЫҚТЫҚ БІЗДЕР ӨТЕ КЕШ...

Жолыққан жанбыз кешігіп,
Жасатып тағдыр дегенін.
Уақытқа назын айта алмай,
Жылайды нәзік жүрегім...

Тағдырдың салған жолында,
Жолықтық жаным кеш дейсің.
Өмірдің әлі ешкім де,
Жазбаған екен кестесін.

Жолықтық, жаным, кеш неге,
Айтпашы енді ештеңе,
Дүрсілін сенсіз жүректің,
Құлақ сап, жырмен кестеле.

Жолықтық біздер өте кеш,
Жия алмай жүрміз содан ес.
Өзің деп соққан жүректің
Жауабын, жаным, өзің шеш!

ЖҮРЕГІМЕ МЕН ЕРІКТІ БЕРГЕНДЕ

Айтарыңды отырмашы, бүкпелеп,
Жырларыңды жаз одан да төкпелеп.
Жасырынып кеткенің не жырақтап,
Қалғаның ба жас балаша өкпелеп.

Төзімінді қайда қойдың шектеген,
Жараса ма дәл осылай шеттеген.
Сенсең-дағы, сенбесең де өзің біл,
Шын сүйгендер бір-бірінен кетпеген.

Шын сүйгендер аттамаған арды анық,
(Сол сезімің келген бе еді жалданып?)
Жүрегіме мен ерікті бергенде –
Қалай ғана қаларсың сен қорғанып?...

СЕЙІЛТШІ, ЖҮРЕК, МҰҢЫМДЫ...

Жанарымның үзілгенде тамшысы,
Мұндар жатты қыл қобызды зарлатып.
Кінәлі кім талқысында тағдырдың,
Күйбең тірлік бара жатса сорлатып?...

Сағыныштың сағымында тербеліп,
Толқынында махаббаттың сенделгем.
Ғашық еткен, жүрегім ау, мөп-мөлдір,
Көкейінде сұлу жаным тұр ма екен?...

Мекенінен әділдіктің тоналып,
Сыр ақтарып көк дәптерге күнелткем.
Ізеттілік – дидарымның нышаны,
Періштедей қай қиялда жүр екем?...

Маржан жырдың оймағында кестелі,
Бүрмеленіп жатты-ау талай ойларым.
Жауқазындай бүр жарады көлбеңдеп,
Еліктейін еркелеген шақтарым...

Меңіреудің күйін кешіп кенеттен,
Өртеп пе едім дидарыңды ұяттан?
Жүрегім-ау, қылықты қыз емес пе ем,
Таңдайынан лағыл, жақұт, бал тамған?

Мен таң қалдым өткеліме қайтып бір,
Тұңғиықтан қармағанда ащы сыр.
Пәк сезімнің қалған табы кенеттен,
Кеткендей боп қызыл шоқтай жанып бір?...

Өртенгендей еске түсіп өзегі,
Көшіп келіп қоңыр күздің кезегі.
Кірбің көңіл шомылдырып нәсерге,
Тағдырымнан жауап күткем еселі.

Кешпейін деп күйін талай кезбенің,
Өрт сезімнен тек сен үшін безгенмін.
Күмбірлесе көкейімнен мұңды әуен,
Сабыр сақтап, бұл пендеңнен безбегін.

Айырбастап ала алмадым үмітті,
Бақыт мені алдаса да сан рет.
Жанарыма жас үйіріп жүдетпе,
Тілегімді ниеттенген қабыл ет.

Саған сеніп бардым талай бағына,
Пәк мүсіннен жебеу іздеп жаныма.
Ғашықтардың тілінде де сөйледім,
Қуанар деп мендік әлем барына.

Қиялымның шексіз еді қанаты,
Арманыма арқау еткен жырымды.
Үміт құсын қонақ етіп қайтадан,
Сейілтші, жүрек, мұңымды!

ҚОЛ ҰСТАСЫП КЕТЕЙІКШІ ЕКЕУМІЗ

Шөліркеген сәттеріме бер бұлақ,
Абайсызда қалмасыншы тек құрғап.
Жүрегімнің төрінен кеп орын ал,
Өзің үшін ағызғанда жыр-бұлақ...

Көздерінді жұмып алып таңдана,
Елесіме алданасың жай ғана.
Қол ұстасып кетейікші екеуміз,
Қуә болып қалсын мына айнала...

Мен дегенде пәк сезімің құрғамай,
Жылу берші, шуақ төгіп жаныма.
Жанарымнан сезсең егер тұңғыық,
Жақын болып кеткенім ғой жаныңа.

Наз күлкімді сыңғырлаған сиқырлы,
Ұмытпассың менің нәзік үнімді.
Жүрегімнің көк бөрісін қалдыр да,
Естелікке алып кетші жырымды.

ӨЛЕҢСІЗ МЕНІҢ ЖОҚ КҮНІМ

Иінім түсіп кетіп еді көптен бір,
Көмейімнен ағытылмай жақсы жыр.
Өрілмеген өлеңімді бұрымдап,
Таң атпастан ақ паракқа түйдім сыр.

Ақыл-ойдың шерттім-дағы пернесін,
Өз жолына бұрдым шабыт кемесін.

Ақындардың сарқыт ішіп жырынан,
Абыздардың ардақтадым термесін.

Өмір-өзен, өлең болып ағады,
Сел етеді теңіз болып жағаны.
Тулағанда сол теңіздің кернеуі,
Өлең болып ашады екен сананы.

Тұмар етіп тақтым сөздің маржанын,
Місе тұтып, іздемедім арзанын.
Бүршік жарса жауқазыны көктемнің,
Жолы болды деп түйгенмін жазбамның.

Өйткені, өлең - құндақтаулы өмірім,
Сол өлеңнен қыз бұрымын өремін.
Кең жайлауы артта қалып шарасыз –
Сыймай ішке дүрсіл қаққан жүрегім.

Өлең - менің бар байлығым көздеген,
Сенделемін жеткізе алмай сөзбенен.
Жүрегінің саңлауы бар жандар,
Айырады масатыны бөзбенен.

Рас, кейде теңеу таппай жүдедім,
Үзілмей-ақ жақсы жырдан үмітім.
Құнды жырды жазбасам да өкпем жоқ,
Онсыз бірақ жоқ күнім!

ЖҮРЕГІНЕ НЕБІР АРМАН БАЙЛАНЫП...

Іздегендей бұл дүниеде тұнық кім,
Баурайына тығылдым кеп тұнықтың.
Бар ынтаммен сұрасам да әлемнен,
Ағытылмады бұлақ болып тұнық сыр...

Содан ұқтым мөлдір деген жоқ екен,
Тек ұшында тұрғандай деп мір оқтың.
Бірі айтса, баюдың кеп жолдарын,
Бірі келіп дейтін болды: «нені ұқтым?»

Бірі келіп, жылады айтып өткенді,
Еңсесіне ауыр тиіп өткені.
Бірі келіп айтса жанды жазықсыз,
Ал, біреулер күндеп кетті арманына жеткенді.

Бірі келіп, шын жылады неліктен,
Оң жағымда отыр қызым үмітті.
Бірі келіп, есі кетіп сыр шертті,
Ұмыта алмай жүргенін бір жігітті.

Бірі келіп кемсендеді шынымен,
Қағал келін кездесті деп маңдайға.
Бірі айтты өгей болған шешесі,
Жолатпайды әкесін деп маңайға.

Бірі отырды түгендеумен туысты,
Бірі ермек етіпті жеңіл жүрісті.
Бірі айтса, кемшілігін достардың,
Ал, кейбірі ту сыртынан күлісті.

Кейбіреуі жасырыпты жыл талай,
Өзгеменен сезім үшін жүргенін.
Ал, кейбірі тілге тиек етеді,
Кей әйелдің жүрегiнiң кеңдiгiн.

Кейбіріне таңсық екен ұйықтамау,
Кейбіріне қажет екен тыныштық.
Ал, біреуі тағат таппай өмірден,
Күтеді екен сүруді өмір ұғысып.

Кейбіреудің атбайлар бір баласы,
Жүреді екен бұл өмірден баз кешіп.
Кейбірінің жүдетеді көңілін,
Туысқандар ашпайтұғын тас есік.

Ал, кейбірі «көкек» әке атанып,
Ұмытады баланың пәк сезімін.
Біреулері қартаяды беймезгіл,
Көтере алмай азғын бала күйігін.

Кейбірінің жұпыны екен киімі,
Жеткізбейтін көрінеді тиыны.
Ал, кейбірін мазалайды шарасыз,
Байқаусызда күнә артқан қылығы.

Жанарының жасы тамып күн сайын,
Құлазиды сағыныштан жас қайың.
Ардақтысы кеткен жандар өмірден,
Өмір бойы аңсайды екен бал айын...

Жанарына жазықсыздан шық түсіп,
Жатыр екен жүректерде мұз үсік.
Кербез жандай көрінгемен кейбірі,
Өз үйінде жатады екен бүк түсіп.

Кейбірінің күлгенменен жанары,
Күрең ойлар үлкейткендей жараны.
Қас-қағымда құлазытқан сәтсіздік,
Ширатады зердесі бар баланы.

Кейбірі кеп жеткізгенде мұң-зарын,
Шыдай алмай нәзік жаным жылады.
Бір баланың пұшпағына зар қылып,
Кей ананың етегінде кеткен екен толғағы.

Ал, кейбірі қартайғанда ар санап,
Қақпаса да қарт үйінің есігін.
Баласының жасаймын деп жағдайын,
Түйеді екен орамалға несібін.

Ал, бірінің алдап сокса құдасы,
Кейбірінің ерте кеткен құрдасы.
Ал, кейбірі сақылдап бір күлгенмен,
Жазылмайды іштегі «у» жарасы.

Кейбірінің ағасы жоқ алдында,
Ақыл қосар қиналғанда сәт-қағым.
Ал, кейбірі іздейді екен әпкені,
Айлық жерден күтетұғын бауырын.

Кейбірінің үйінде көп қызғалдақ,
Атбайларын күтіп үміт үзілген.
Ал, кейбіреу үкілейтін қызды аңсап,
«Жоқтайтын да керек,- дейді,-қыз деген».

Жүрегіне небір арман байланып,
Бұл өмірден өткен екен қанша жан?
Мөлдір сезім, мөлдір көздер арбалып,
Қанша адамдар өзгелерге тамсанған?

Мөлдір судың толқынында тербеліп,
Тұнық ойлар іздейді екен жөргегін.
Тұңғықтың тереңдігін ұға алмай,
Толқытады пендешілік өзегін ...

Менің терең тұңғықты іздеуім,
Тұнық өмір таппай, сірә, кезгенім.
Адалдықтың ауылынан жырақтап,
Бұл адамдар өз ішіне
тартады екен өз демін...

КІМ АЙТТЫ САҒАН?

(Мұхтар Шахановтың ізімен)

Қызық...
Мен айта алмаған жылы сөздерді,
Сарыла неге күтесің менен?
Менің жүрегім қаласа сені,
Мейірімнен меруерт төгем.
Шын сезім болып, өрт тұтанбаса,
Кім айтты саған:

Төгілудің өзі оңай екен деп?...
Сен қалағанда –
Құшағына құлайды екен деп,
Оңаша қалғанда –
Өксіп жылайды екен деп?...
Кім айтты саған:
Ешкімге сені қимайды екен деп,
Үздіксіз сені ойлайды екен деп,
Жансыз бейнеңе тесіле қарап,
Жазықсыз жүрегін қинайды екен деп?...
Кім айтты саған:
Жанына мұңы батады екен деп,
Сенің қайғыңмен таңы атады екен деп?
Сарыла күткен сағынышындай,
Көңілінде сары уайым жатады екен деп?
Кім айтты саған:
Төзімі әбден таусылады екен деп,
Жүрегіндегі алып күш,
Су сепкендей басылады екен деп?
Жанары жалт еткен бақытты сәтін,
Бақытсыздардан жасырады екен деп?
Сезім мен сенімді ауыстырып,
Махаббат ауылына асығады екен деп?
Сөйтіп, сүймеген жанның
Атақ-беделін асырады екен деп,
Жанарының жасы құрғамай,
Кез келген жанның
Иығына асылады екен деп?
Кім айтты саған:
Шынайы сүйген адамның
Жауапсыз махаббаты кеп

Дауылдай басылады екен деп?
Дәл осылай ұғыммен,
Жылдарды ғасырға жалғап,
Мендегі шынайылықты жасырасың тек,
Сөйте тұра бағамды асырасың кеп...

ЕЙ, ДҮНИЕ!

Ей, кербез дүние,
Кімге жағасың,
Тәкаппар бұл қалпыңда!?
Мен де бақытты болғам –
Мөлдіреп жаным тұрғанда...
Толықсып айдай,
Жұлдызым оңынан жанғанда.
Мен де бақытты болғам –
Мөп-мөлдір сезім
Бойымда бүршік жарғанда.
Бірақ таңданба,
Мен сынбағам –
Сол бақытты тереңнен өрт шалғанда,
Ерікті бермей,
Сенделткің келіп,
Тонап та менен алғанда...
Мен сынбағам –
Алдап-арбап,
жанымды азапқа салғанда,
Күлім көзімді,
қоңырлау мұң шалғанда.
Екпініңмен кеп,
Жармассаң да жағама...

Бірақ, білесің бе,
сол кезде мен
Жігерімді қайрап ап,
Таң қалғанмын,
Бітпейтін сендік жалғанға?!

Ей, жалған дүние,
Таңданбайын десем –
Қаншама жанды алдадың!?
Таң қалмайын десем –
Қаншама жанның суырып алып,
Түнекке салдың арманың?
Сенбейін десем –
Жүрекке салып мұңлы зар,
Не үшін сонда өзекті өртеп
Жақынын келіп жалмадың?

Байқамадың ба –
Арманына бір-ақ қадам қалғанда,
Түк көрмегендей қармадың?
Білесің бе –
Маған да жат,
кісенделген қылықтарыңмен,
Аузын ашқаның ұмытылған жараның?
Сезбейсің бе –
Жазықсыз жандарды жылатып
Куәсі болғансың әділетсіз жаланың?
Қалай байқамағансың –
Сенің өрескел қылықтарыңа булығып
Шын жылаған бейкүнә бұл жанарым?...
Тыңдашы, мені –

Мен сені –
ұқпағанымда,
Жолыңда көзімнің жасын сықпағанымда,
Ешкімге нала болмағанымда,
Тек сені қалағанымда,
Болмай еш амалым,
Сен ғана болар ең таңдарым.
Мына күйіңнен күйзелткен
Жақсы еді-ау,
Пенде үшін –
Кемеңгер дүние боп қалғаның!

ХАТ ЖОЛДАПСЫЗ...

«Сандуғашым-ау, қайда жүргенсің,
Жырыңа барам құмартып?
Тулап жүрегім алабұртады,
Іштей саған тіл қатып...

Шақырғандай күлім көздерің,
Күбірлеп жетем төсекке.
Нәзік сезімнің иесі, айтшы,
Шалдыктым қалай бұл дертке?

Зарықтым неге ұйқыдан қалып,
Жалын жырыңа өртеніп көптен.
Нәзік сезімнің иесі, айтшы,
Жазылам ба екен бұл дерттен?

Көз көрмес қиян шетке тығылып,
Кеткім келеді өзіңмен,

Гүл жарған бақтың сәмбі талында
Кездесуді аңсап, жауап күтемін өзіңнен...»

Депсіз ғой, маған хат жолдап,
Сезімге беріп ерікті.
Ойыңыздың сезсем төркінін,
Жырыммен болғам сүйікті.

Ашуға баспай, қуандым,
Тәнті еткеніме жырға нық.
Арбалмай сөзге ой салдым,
Жаныңызды ғана ұғынып.

Зер салып қайта қарадым,
Өлеңнен іздеп өзімді.
Күлімдеп тұрған жанардан,
Көрмепсің мұңды көзімді.

Жетегіне еріп сезімнің,
Тұрған жоқ едім ақталып.
Қара сөзден киіп күпіні
Бармақтай жүрмін бақ тауып.

Түсірмей кірбің көңілге,
Аялапсыз-ау жанымды.
Бейнем жоқ еді назданған,
Сандуғаш етіп сайратып,
Құлпыртыпсыз ғой бағымды...

Ризамын Сіздік көңілге,
Асырған менің бағамды.

Жүрегі барлар езіліп,
Сүзеді солай жанарды...

Түсінбей қалып жүрмеңіз,
Астарлай айтқан сөзімді.
Менің ғазал жырларым
Тәрк етпесін төзімді...

Еске салып өткенді,
Оралыңызшы арқаға.
Үйіңіздегі сол Жібек
Көз салмап еді басқаға.

Жібектің күтіп жолдарын,
Ұйықтамай өткен таңдарың.
Қызғанып көлеңкеңнен де
Аңдымап па едің қадамын?

Сабылып іздеп, сағынып,
Жолдамап па едің хаттарды?
Күндерді күттің қаншама
Қыдыру үшін бақтарды?

Зар болып мейіріміне,
Жымия қалса жүгірдің.
Ұмыттың қалай бұл күні
Қуанған күнін жүректің?

Ән айтқан кезің есте ме,
Көзінді жұмып елеспен?
Гитара сазы елітіп,
Билегенің жүрекпен...

Қолың оған жеткенде,
Бақытты едің басқадан.
Ұмыттырған жоқ па еді
Ынжықтығыңды жасқанған?

Ренжіп қалса кенеттен,
Сарыуайыммен күн өткен.
Жүрегің сыздамап па еді
Арыла алмай түнектен?

Кінәлап кейде өзінді,
Сұрауға кешірім барғансың.
Жаулап алған жүректі
Қыз үшін талай жанғансың.

Анаң айтып сыртынан,
Ұнаса риза болғансың.
Жамандай қалса біреулер
Жағадан талай алғансың.

Жас Жібек келіп үйіңе,
Әке ғып сені қуантқан.
Арбап алып қылығы,
Ерекше жан еді ұнатқан.

Келгенде түзден сен шаршап,
Қарауыл болған қабаққа.
Сол ғана төзген сен үшін,
Өмір салған азапқа.

Мақтанып достар алдында,
Жүрмеп пе едің марқайып.

Ғашық еткен сол Жібек
Кетті ме бүгін қартайып?

Қайтпайтын қара қайсарлық,
Жасырынды екен қай жаққа?
Сезімің жүрген тұншығып,
Телмірмек енді қай баққа?

Шайтан кірген санаңды,
Көрсете көрме ұлыңа.
Келінің - қызы біреудің,
Кірбің түспесін жанына.

Санаңды улап сәт-қағым,
Қарама олай сұқтанып.
Менің де есімім біреуде,
Қалған шығар-ау жатталып?

Арбалма мендік сиқырға,
Сезімін таптап өзгенің.
Жас дәурен алыс кетті деп,
Күйін кешпе кезбенің.

Бұлбұл жүрегім бұлқынса,
Шерін тарқатқам жүректің.
Киелі жырдан мән іздеп
Ауылын кездім жақұттың.

Сандуғаш болып сайрасам,
Ашқаным көңіл сарайын.
Ну орман болған ойымды
Түсінген шақта маңайым.

Жұдырықтай болған жүрегім,
Өлеңнен іздер өз емін.
Өлеңге құйып көз жасын,
Өлеңнен шығар өз демім.

Дәнекер болған сезімге,
Теңіздей жырдың ағыны.
Шақырған мені деменіз
Ақын қыздың жалыны.

Жастығың мәңгі қасыңда,
Жаныңда жүрсе Жібегің.
Назына оның шөлдемей,
Еркелете біл көл-көсір.

Есіне сал да пәк күнін,
Жұмсақ сөзіңмен иілдір.
Көңіліне әжім түспесін,
Махаббатыңмен сүйіндір.

Айтар да сөзім қалмады,
Жапанда жалғыз қалмаңыз.
Толқынын асау сезімнің,
Өз жарыңызға арнаңыз.

Нөсерлеп төктім жырымды,
Сезіміңіз болсын ғұмырлы.
Ақын қыз болып қалайын,
Айтқанына ғана сенімді!

СОЛ ТАМШЫДА...

Жетегінен арыла алмай сан ойдың,
Тағы, міне, кезек күтпей мұнайдым.
Шашуынан қуаныштың дәм татсам,
Шақыра ма деп ойлағам жыр айдын.

Шақырмады көңілімнің шабыты,
Өрілгенмен жүрегімде жыр қамшы.
Түн етегі жіберетін ақ таңды,
Күтіп алды мен күтпеген бір тамшы...

Сол тамшыда жатты, бәлкім, сағыныш,
Жүректегі ескірмейтін жақұттай.
Сол тамшыда қанат қақты жұбаныш,
Жатса-дағы жүрегімді мұң қаптай...

Сол тамшыда бар ма екен үмітім,
Үкілеген қыз арманы секілді.
Сол тамшыда жатты ма екен күдігім.
Әлсіздерге таңқалуым секілді.

Сол тамшыға байлап, мүмкін, матады,
Сағыныштың татқызып «у» кермегін.
Сол тамшыда қайран жастық ескертгі,
Жоғалтқандай мәңгілікке көрігін.

Сол тамшымен естелігім егілді,
Көлеңкедей қыр соңымнан қалмайтын.
Сол тамшыға сезім келіп сыр айтты,
Көңілімді күдікпенен бойлайтын.

Сол тамшыға жолын ашып мұң айдын,
Сертін бұзып жатты ма екен жыр айдын.
Қиялыммен жортып сонау алысқа,
Түйдек ойдан жамау ғана құраймын...

ЖЫРЫМДЫ ЖҮРЕГІҢЕ ТҮНЕТЕЙІН...

Мен қазақтың қызымын, қыр гүлімін,
Бойымда сол қазақтың тектілігі.
Табиғаттың тылсымын жанарымнан,
Мөлдір етіп төккендей өмір легі.

Кеудемде бүршік жарса жыр көктемі,
Ақынның ақиқаты өрілгені.
Бабалардың арқалап аманатын,
Көкейімнен күмбір күй төгіледі.

Шабыттансам асылдың сынығымын,
Жыр-жақұттың мөп-мөлдір тұнығымын.
Абайдың бұлағы боп ағытылсам,
Ұран етіп алғаным ұлылығын.

Жамбылдың айтысынан тәлім алсам,
Қасымның өр жырымен сусындадым.
Махамбеттей дауылпаз арқаланса,
Дүрсілінен жалынды жыр тыңдадым.

Мұхтарға еліктесем ұлтын сүйген,
Мұқағали ұсынды қара өлеңін.
Төлегеннің оқысам жырын жатқа,
Өр жырынан сеземін дала лебін.

Фаризаға арнапты Мұқаң жырын,
Дегендей архивтерден табылармыз.
Құдіретін кара сөздің ұға білген,
Неліктен ақындардың жаны жалғыз?

Тілі тәтті қызымын мен қазақтың,
Дертіне дауа тапқан нәзік жырдан.
Мен-дағы жүрегіңе түнетейін,
Жырымды жүректегі жазып алған.

АҚЫНДАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫМЫН...

(Қ.Аманжоловқа арнау)

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Өйткені, ақын деген жұмбақ тылсым.
Жырлары демеу беріп бұл әлемге,
Жырынан гүл шоқтары ағытылсын.

Жарқыл жыры бұзатын тас қамалды,
Кейбіреулер, бәлкім, одан жасқанады.
Арқаның дара туған сал серісі,
Жырларын туғызады асқаралы.

Өзі жайлы толғамын туындатып,
Сенімі тұратұғын бойында нық.
Мен ақынның жырынан қуат алам,
Жаныма сәуле шашқан жарқыратып.

Кербездік те бар онда мақтанатын,
Сыпайылық тағы бар бақ табатын.
Арқалы ақын ағызса жыр шумағын
Жүрегінде әр қазақтың жатталатын.

Өр Қасымның жалғасы Сарыарқада,
Айтбай, Ақан, Дидарды мақтамас кім?
Аманжол мен Қуаныш жыр додада,
Арғымақ боп сілкінткен баптап атын.

Жыр шумағын үзілген жерден жалғап,
Дүниеге келер әлі талай Қасым.
Өзім жайлы тебіренсем, қалам алып,
Шүбәсіз ақындардың жалғасымын.

АҚТАРЫЛЫП СӨЙЛЕЙІН ӘЖІМ ЖАЙЛЫ...

(Құрбыға наз)

«Әжім түсіп кетіпті-ау беттеріңе,
Шынымен-ақ, қартайып кеткенің бе?»-
Дегеніңде еріксіз еңіредім,
Ысырылып қалғандай шеткеріге.

Өмір деген өз ізін жазбайды ма,
Ақ қағаздың шимайлап беттеріне.
Өзегім өртенбеген дәл осылай,
Қамықтым әжуалап кеткеніңе...

Ойға шомып оралдым өткеніме,
Көз жіберіп өмірдің өткеліне.
Онсыз да қатал жылдар аяған жоқ,
Жігерімді құм қылып кеткенің не?

Белгілі ғой алмайтының қолға айды,
Жейді ғой адамзатты мұң мен қайғы.
Көкірегің ояу бір пенде болсаң,
Ақтарылып сөйлейін әжім жайлы.

Бұрауын келтіріп ап домбырамның,
Қиялыммен өткелді мың шарладым.
Мұндары көңілімнің күйін төгіп,
Бара жатыр тыңдамай бал бармағым.

Төгілген көмейімнен мұнды қара,
Өлең ғып көз жасымды құйдым сана.
Езілген жүрегіме медет болар,
Мен құлшылық жасайтын Алла ғана!

Ағытылсам ақ пейіл көңіліммен,
Орын алғам ортамның биігінен.
Жаным құмар болмаған серт бұзуға,
Тағдырымды бөлісіп көрінгенмен.

Бір ауыз сөз түйреді, көмді бүгін,
Көміп кетті табытсыз ен далаға.
Орамды ой таппады өз иесін,
Табыты көрік бермей боз далаға.

Өңменімнен өткізсең сұрақ қойып,
Найза тілмен отырмын ойды түйіп.
Сұрағымды жолдаймын өз еншіңе,
Жауапты да қалаймын талғам биік.

Бұл өмірден не көрдің, нені ұқтың,
Жүзігінен өтіп пе едің өткелдердің?
Қиялың құстай ұшып самғады ма,
Сездің бе кімнің сүйіп, жек көргенін?

Қол жетіп тамсандың ба биіктерге,
Шарпытып сезім отын сүйіктіге?
Құлпырып кермаралдай жүргеніммен,
Бел будың ба жетуге жүйріктерге?

Дәмін сезіп көрдің бе орталардың,
Қадіріне жеттің бе жоқ пен бардың?
Ойы биік, тереңнен сыр шерттің бе,
Термесіне құлақ сап аталардың?

Жанардан нұр тамды ма сөйлегенде,
Төзімділік таныттың ба күйрегенде?
«Сабыр түбі – сары алтын» деген сөзді,
Серік етіп көрдің бе түйрегенде?

Қақпанына түскенмін талай сынның.
Жетегіне еріп ап сансыз ойдың.
Тағдырдың маған салған сынақтарын,
Маңдайыма әжім ғып сызып қойдым.

Осы әжімдер беріп тұр көрік маған,
Мейлі күл, мейлі жыла, мейлі сына.
Әжімдер көбейеді әлі талай,
Ең бастысы - жаным мен арым таза!

ҰСТАЗҒА ТАҒЫМ

*(Газли қаласындағы барлық
ұстаздарыма арнаймын)*

Көтеріл, жаным, орныңнан,
Ұстазың келсе алдына.
Мерейлі үнмен қарсы ал,
Шуақ төгіп жанына.

Жүрегі оның кеңіс қой,
Хақың жоқ сынап, шенеуге.
Үйреткен саған әріпті,
Сандарды қосып теңеуге.

Өткір болған жанары,
Байқаған зерек баланы.
Бәйгесін алып төзімнің,
Тәрбиелеген дананы.

Көтеріл, жаным, ерінбей,
Ұстазың келсе алдына.
Уақытын саған сарп еткен,
Қарыздарсың алдында.

Жанынан төгіп сәулені,
Көңілге құйған жақсылық.
Зердесін ашса талайдың,
Талайы шыққан хат біліп.

Жүрегінен күн күліп,
Сөйлеген төкпей қаһарын.

Сен де шық күліп алдынан,
Көрсетіп мінез жауһарын.

Ынта, ықылас, тілегін,
Аямаған баладан.
Оған да көрсет құрметті,
Кем емес ол да анаңнан.

Қысы мен жазы бірге өткен,
Қарамай қиын өткелге.
Тыңда сөзін қойып ден,
Жол берме үлкен өкпеге.

Ілтипат көрсет аянбай,
Есіңе алып мектепті.
Адамның бәрі байқасаң,
Ұстаз алдынан көктепті.

Кеудесін кернеп қуаныш,
Сөйлесін саған көсіліп.
Кешірген сені сан рет,
Есік қаққанда кешігіп.

Есіңе түсіп бала күн,
Сағынбай қалай тұрарсың?.
Еңбегі кетпей заяға,
Ұстаз болғанына қуансын.

Есіңе түсір қайтадан,
Ерке кезінді майталман.
Кешіре білген барлығын,
Рахметінді айт оған.

Есейіп бүгін кетсең де,
Ол сенің мәңгі ұстазың.
Алдыңа келіп тұрғанда,
Жасай біл оған мың тағзым.

ҰСТАЗЫМА

*(Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ахметова Сара апайға)*

Қара сөздің қас шебері атанып,
Көмейінен бал тамып,
Жүрегіме ұялатқан сырлы саз –
Өзің едің ұстазым.

Әрбір сөздің мағынасын ұқтырып,
Айтатұғын сөзді нық.
Күлімсіреп сұрайтұғын сабақты –
Өзің едің ұстазым.

Салтанатпен сән түзетіп алдыңда,
Қасиетін қадірлеттің мәнердің.
Сен арқылы мәртебесін ұққанмын,
Жазушы мен ақынның.

Сен арқылы сиқырладым сөзімді,
Сен арқылы биік тұттым өзімді.
Сен арқылы оқыған соң әдебиет,
Шындай білдім сабыр менен төзімді.

Еліктірді әрбір сөзің, қылығың,
Тал бойыңнан таба алмай сонда мін.

Мүмкін мені алып шықты мінберге
Өзің берген қоңыр үн.

Мүмкін, мені сыйлы еткен өзіңсің,
Биіктетіп мендік мән мен талғамды.
Даналықтың оқып шықтым кітабын
Сезбейін деп жалғанды.

Жүрегіме жыр әлемін түнетіп,
Бұлбұлдайын сайратқансың бағымды.
Парызымды орындайын алдыңда,
Түсінетін менің нәзік жанымды.

Бал-бұл жанған жанарыңа тәнтімін,
Суыратын қара сөзін ақынның.
Әділдіктің алдына кеп бас ұрар,
Мен ұстазым, саған ғана жақынмын!

КЕЙДЕ...

Кейде мен үнсіз ғана тына қалам,
Меңіреу күй кешкендей мына ғалам.
Сондай сәтте өзегім өртенеді,
Құр қалғандай жыр-кәде сыбағадан.

Кейде мен күңіренем көк аспандай,
Шаршаған қаптап жатқан қара бұлттан.
Ал, кейде буырқанам тағат таппай,
Арылардай аурудан болған батпан.

Кейде кезем қиялмен балалықты,
Оралып сол дәуірдің белесіне.
Кей сәтте айырбастап алғым келер,
Біраз күнді жастық шақ елесіне.

Кей сәтте толқып-тасып, шаттанамын,
Мендегі арман қандай, үміт қандай!
Жыр төгіп, бақытты бір күй кешемін,
Сергелдең сәттің бәрін ұмытқандай.

Кей сәтте жүрегіме тыным берем,
Сәтін тосып жанымды аялаудың,
Қүдіреттің беретін сынағынан,
Жол іздеп омақата құламаудың...

МЕН ЕСІНЕ ТҮСКЕНДЕ СӘЛ КҮРСІНІП...

Әлде мені біреулер түсінбеді...
Жоғалтқандай асылын күрсінбеді.
Кінәлады бекерге белді буып,
Айырбастап өзгенің мүсіндері...

Әлде мені кейбірі аялады,
Деді ме екен жанымның сая бағы.
Мен есіне түскенде сәл күрсініп,
Көз тікті ме мекенге сол баяғы?

Іздеді ме құрбылар арасынан,
Естілмесе еліткен сыңғыр күлкім.
Дертіне махаббаттың шалдықты ма,
Темекісін тұтатып үстін-үстін?...

Сағынды ма жанарды жалын атқан,
Күндері еске түсіп думандатқан.
Есіне салды ма екен кездесуді,
Қызғалдағы көктемнің қырда жатқан?

Әлде жүрек әлсіреп нәзік күйде,
Тіл қатты ма алданып елесіме.
Жанарын жансыз бейнем талықсытып,
Шақырды ма келмейтін би кешіне?

Шақыра ма оңаша қалған сәтте,
Қол бұлғап алыстағы ару мүсін?
Қилы-қилы тағдырдың кептелісі,
Нәсерін төкті ме екен сағыныштың?

АҚЫН АҒАМА

(М.Мақатаевқа)

Атыңнан айналайын, ақын аға,
Қағанағы қарқ боп жүр деп ойлама.
Мен де өзіндей терең сазға батам да -
Лезде қалам мұңдана.

Келсе-дағы кермаралдай керілгім,
Талай мәрте тәкаппардан жеңілдім.
Сағым болып жеткізбейді әлі де -
Сенім артқан сезімім.

Мүмкін, кейде тұнжырадым, түңілдім.
Бүгілмейтін жерлерімде бүгілдім.
Жігерімді құм қылғанда еріксіз,
Омақата жығылдым.

Жылпостардың қылығынан түршігіп,
Жауқазындай құлпырмады бүршігім.
Тоңмойынды мансапқордын алдында -
Шарасыздан күрсіндім.

Аға, сірә, жалғыздықтан жабықтым,
Әлдекімнің айбарынан қамықтым.
Өркөкірек адамдардың алдында -
Жалбақтаудан жалықтым.

Оңашада өлеңіммен сырластым,
Қиял-қуып, арманыммен қыр астым.
Құлазыған сәттерімде, сездің бе -
Фаризамен мұндастым.

Қас-қағымда кейбіреуден жирендім,
Жылап тұрып, күлуді де үйрендім.
Жырларыңды оқығанда, сездің бе -
Жылайтұғын күйге ендім.

Жастандым да жырларыңды құндақтап,
Күбірлеумен іштей оны жаттадым.
Ақтарсам да қалың кітап беттерін -
Әділдікті таппадым.

Мөлдіріне айналсам деп тұнықтың,
Бойыма тек жақсылықты жиыппын.
Жырларыңнан өзім жайлы сыр ұқсам,
Еріксізден қамықтым.

Сәулелерін жия алмай сынықтың,
Қадіріне жетем бе екен тұнықтың?
Өру үшін өлеңімді қамшы ғып -
Ұйқымды да қиыппын.

Ұлы ақынсың, Абай жаққан бір сәуле,
Тәнті еткен болмысыңмен баршаны.
Моншақтатып жыр ілгенсің сезімнен -
Тұлғаңда жоқ жасанды.

Ал мен болсам сағымдарға сан қарап,
Жете алмаймын үкілеген арманға.
Қиял қуып кеткеніммен оралам -
Қоштасатын мұңдарға.

Болғанменен бойымда сан күш-қуат,
Нәзік ақын, нәзік менің жүрегім.
Күмбірлеген күй шығатын жырыңнан -
Керемет үн сезгенмін!

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ

Келдік биыл мектепке,
Келдік үлкен үмітпен.
Оқығымыз келеді,
Төрт пен ылғи бестіктен.

Келдік, аға, апалар,
Сізден үлгі алуға.
Тәлім менен тәрбие ап,
Ататекті тануға.

Келдік, міне, қабыл ал,
Бауырыңа бас тағы.
Ұлы мектеп, ұлы ұстаз,
Тәрбиеле жастарды.

Тәуелсіздік ұраны,
Биыл дабыл қағады.
Ұрпағына үмітпен,
Елбасы да қарады.

Мерейтойын Отанның,
Биыл елім тойлайды.
Бүлдіршіндер бақытты,
Қуаныштан жайнайды.

Ең алғашқы қоңырау,
Есте мәңгі қаласың.
Жүрегімнің төрінен,
Биік орын аласың.

Соқ, сыңғырла, қоңырау,
Үнің шынға өрлесін.
Ең алғашқы қоңырау,
Білімменен тербелсін.

МЕН ӨМІРГЕ ҒАШЫҚПЫН...

Соңына түсіп «сергелден» деген кемеңің,
Күйін кештім теңіз бенен көлдердің.
Сәттіліктің кеп табалдырығына сүрінсем,
Кезек күттірмей ұсынады өз кермегің.

Жабықса жаным деміме кенет тұншығам,
Жүрегімдегі ұлиды мұным сыңсыған.
Жанарымның да байқалмай жатыр жарқылы,
Беймезгіл аққан тамшыдан.

Қатал тағдырдан меселім қайтып жүдедім,
Аласұрғанда нәп-нәзік қана жүрегім.
Бақытқа толы таңдарым менің қайда деп,
Сұрамай жатыр өкпесін артқан көңілім?

Есіме түссе ерке-сылқым кездерім,
Жүзім жайнап, толған айдай өзгердім.
Қиялымның жетегіне жүз барып,
Бақ күтуден үмітімді үзбедім.

Еске түссе қос аққудың мекені,
Іркіледі пәк сырым мен ойларым.
Бал ұйқымның ауылы көшіп кеткендей,
Кербез дүние жасағанда таңдауын...

Содан, бәлкім, жүрегім жүдеу, түпсіз ой,
Мазасыз күйді апарып қайда қамайын?
Сырлы әлемнің сыбызғысы шертілмей,
Таңдандырады жұмбағы көп маңайым.

Жұмбақ әлем шешілмейтін күйге еніп,
Мұң саздарын тыңдауға да жалықтым.
Қабағымның түнеруін күтпейтін,
Қызы емес пе ем қарапайым халықтың?

Жанарымның жарқылдатып жалынын,
Тасытайын пәк көңілдің ағынын.
Бұлбұл құсым сайрап жатса көмейден,
Күйретпейді жүрегімді қайғы-мұң.

Шабыттансам алам кейде тасып тым,
Өмір жайлы жыр жазуға асықпын.
Сергелдеңін ұмыттырсын мәңгілік,
Өйткені мен мына өмірге ғашықпын!!!

МЕН СЕНІ ҰМЫТҚАНМЫН...

Мен сені ұмытқанмын:
Жапқандай оқып біткен парағымды,
Қауышқан мен қоштасқан дара күнді,
Жасқа малған бақытты жанарымды.

Мен сені ұмытқанмын:
Қоңыр күздің жапырақсыз ағашындай,
Өгей ана сүймейтін баласындай,
Үрленбей өшкен шоқтың шаласындай...

Мен сені ұмытқанмын:
Жанымды жүргеннен соң жырым демей,
Қасыңнан өтем көрсем күлімдемей,
Жүрегім бұрынғыдай дірілдемей.

Мен ұмытқанмын:
Жүрегімнің сол уақыт жылағанын,
Толқығанын өрекіп бұла жаным,
Нар көңілдің биіктен құлағанын...

Міне, солай мен сені ұмытқанмын,
Сағыныштан жатса да ұлып жаның,
Керек емес көлгірсіп жылытқаның,
Әсте одан өзгермес жылып қаным,
Мен сені ұмытқанмын!

ЫРЫМДАП ҚОЙҒАМ ҚЫЗЫМА СЕНІҢ АТЫҢДЫ

(Фаризаны еске алу)

Өлеңмен баурап алатын алыс-жақынды,
Сирек деп білем өзіндей ғажап ақынды.
Өзіндей қайсар, өзіндей дана болсын деп,
Ырымдап қойғам қызыма сенің атыңды,

Әдемі сөз бен әдемі ойдың иесі,
Арманшыл ақын сен едің.
Жыр айдынында киелі аққу жоқ десе,
Бұл жалғанға сенер кім?..

Әдемі орам, әдемі айшық зерленіп,
Фариза содан тігуші еді жыр-кесте.
Әдемі бейне, әдемі күлкі сағым боп,
Жұлдыздай сөнді-ау бір кеште.

Әдемі жыры өрнектелген әлемнің,
Ғайып болды дегеніне сенер кім?
Аппақ қары әр беріп жатса далаға,
Қалғып кетіп, ақ мүсінге бөлендің.

Ризамын шексіз атыңды сенің қойғанға,
Поэзияның сәйгүлігісің, өйткені,
Сенің әрбір жырларыңнан қуат ап,
Қаншама ақын жыр айдында көктеді.

Ырымдап қойғам қызыма сенің атыңды,
Пір тұтқаннан соң өзіңдей биік ақынды.
Қайсар мінезі ұқсапты бірақ айнымай,
Жыр жазбаса да татымды...

ҚЫЗЫҚ ЕДІ МЕРЕКЕСІ СОЛ КҮННІҢ...

Еске түсіп оқушы кез баяғы,
Естеліктің мекеніне сүнгідім.
Сахнадан саңқылдаппын мен талай,
Жалынына жанып бұла жырымның.

Тамсандырып дүйім жұртты мәнермен,
Сусындатып өлең деген әлеммен.
Мектебіміз мақтанғанда ерекше,
Ұмтылмастай қуанышқа кенелгем.

Әр мереке той болатын біз үшін,
Тұратынбыз өлең оқып мінберде.
Қызыл-жасыл шарларымыз қалықтап,
Алаңымыз оранатын гүлдерге.

Бірнеше апта өтетұғын дайындық,
Ән-жыр сайлап көңілімізге қонатын.
Қызық еді-ау мерекесі сол күннің,
Бәрі-бәрі тек шынайы болатын.

Алатынбыз газды су мен балмұздақ,
Ата-анамыз берген тиын-тебенге.
Сол күндерді жиі-жиі аңсаймыз,
Ересек боп, келсек-дағы кемелге.

Жеңіс күні мереке еді ерекше,
Жеңіс жайлы балалар жыр жаттайтын.
Жеңіс күні ардагермен кездесіп,
Бір минуттік үнсіздік те сақтайтын.

Пионерлер күні ерекше аталып,
Алау жағып жүретінбіз мәз болып.
Тәлімгерлер неше түрлі ойынмен,
Өткізетін көңілімізді жаз қылып.

Барлығы да көңілденіп шығатын,
Ән мен өлең азығымыз болатын.
Үздік болған оқушыға сол күні,
Галстукты сыйлық етіп тағатын.

Қазан айы есте мәңгі қалыпты,
Ең алғашқы төсбелгіні таққанда.
Алға бізді жетелейтін сол күндер,
Лайық қылып өзімізді мақтауға.

Комсомол боп бой түзеген жастарға,
Еліктедік, ереже айтып қалыспай.
«Қабылдандың, құттықтаймыз» десе егер,
Кетпеуші едік сол алаңнан жарыспай.

Әлі күнге есімізде сақталған,
Қызық еді мерекесі сол күннің.
Бала күнді, бұла күнді еске алып,
Бүгін тағы толқыдым...

ДОСТАР БАРДА...

Естеліктің мұқабасын жаба алмай,
Көз жіберіп өткеніме ойландым.
Қанша жерден келмейтұғын болса да,
Сол кездерді еске алып толғандым.

Белсенділік бойымыздан табылып,
Күтетінбіз мақта күнін сарылып.
Тергеніміз жетпесе егер мәреге,
Тұрушы едік ел алдында «қағынып».

Содан кейін барушы едік биге де,
Әуеніне гитараның мас болып.
Жүректері дүрсілдейтін қыздардың,
Сол алаңда тұратындай «бос» қалып.

Бұрқыратып хат жазатын жігіттер,
Моп-момақан күй кешетін кенеттен.
Кербез қыздар сызылатын жарасып,
Қолын созып шақырғанда жігіттер.

Сол махаббат ұласатын мектепте,
Үнділердің махаббаты секілді.
Киноларға көп бармайтын, өйткені,
Жігіттерге алданатын секілді...

Қоштасатын сәт келгенде мектеппен,
Алыстады балалықтың мекені.
Іздейтінбіз сағат сайын кездесіп,
Жалықтырмай басқосудың әндері.

Қоңыраудың күтсек соңғы дабылын,
Жадымызда алғашқысы жаңғырып.
Жарқанаттай серуендеп түндерде,
Жүретінбіз күндіз ұйқы қандырып.

Арманымыз асқар еді тым биік,
Жүрегіміз алып еді одан да.
Алдау деген бізде мүлдем болмайтын,
Қол созумен жүретінбіз арманға.

Арманымыз үмітпенен ұласып,
Алыс сапар қол бұлғайтын арынды.
Егіз етіп паш еткенбіз, сенсеңіз –
Тал бойдағы талап пенен дарынды.

Ұстаздарды ардақ тұттық өзгеден,
Ұғындырып сыйластықты көзбенен.
Жүректердің баяуламай соғысы,
Алға қойдық мақсаттарды жүздеген.

Білім алып шартарапқа тарадық,
Көкейлерге қалықтатып жақсы ән.

Мәртебесін биіктеттік достықтың,
Салтанатпен түзеп сән.

Талабымыз бара жатты биіктеп,
Бойымызға жақсылықты жиып тек.
Білімнен қаруланған қыз-жігіт,
Өз қалауын алып жатты іріктеп.

Жас жалынмен керуенге ілестік,
Жақсылардан тәлім алып күрестік.
Тал бесіктен тарап жатқан тағылым,
Заңғар оймен тауып жатты үндестік.

Шынымен де біз бақытты екенбіз,
Демейтінбіз: кереметпіз, бөтенбіз.
Жүрегіміз алаңдаумен тұрады,
Хабарласпай қалса арадан біреуіміз.

Жақсы хабар есітуге асықтық,
Жаманын да бірге жүріп бөлістік.
Жанарымыз мұңаяды қия алмай,
Жеткізгенде жайсыз хабар кеңістік.

Міне, осылай достығымыз жалғасты,
Жақсы атақ тез арада қыр асты.
Думандатып тойға келген достардың,
Жарқын жүзі әзілімен жарасты.

Ұйымшылдық іргетас боп қаланды,
Асыратын талай жерде бағамды.
Туы мәңгі құламайды достықтың,
Достар барда іздейтұғын адамды!

АБАЙ ЖАҚҚАН БІР СӘУЛЕ

Ұлы Абай ұлт мүддесін ойлаған,
Ана тілін кенжелетіп қоймаған.
Тасқындатып жырын төксе халыққа,
Әрбір сөзі от секілді жыр-майдан.

Ой-маржанын теріп алып тереңнен,
Бар жақұтты байқатады өлеңмен.
Қара сөздің таңдап алып патшасын,
Табиғатты суреттейді тереңнен.

Лирикасын махаббаттың жырлайды,
Сұлулығын кербездердің селдетіп.
Жыр-керуені жетелейді алысқа,
Сезім-күйін жүректердің тербетіп.

Ұлы Абай кеудесінде өз ұлтым,
Өткен күннің парақтайды тарихын.
Сейіл құрған болыстарды сынға алса,
Ақын жүрек орындаған міндетін.

Әрі өткір, әрі ғазал, пәк тілмен,
Ақын Абай суреттеді өмірді.
Қайсарлықпен болашаққа мән беріп,
Қаншама рет жанып өтті жігерді.

Ұлы Абай сөйлей алды еркінсіп,
Әрі айқын, әрі батыл, өр тілде.
Өз кірпішін қалап жатты паш етіп,
Жер бетінде Абай жаққан бір сәуле.

КҮН КҮЛМЕДІ КӨКЖИЕКТЕН СОЛ КҮНІ...

Арайлап атқан таңыма жалғап үмітті,
Сағыныш жұтқан жұбаттым шерлі жүректі.
Тыным бермейді тамырын жайған нулы ой,
Еске салып біз қоштасқан бекетті...

Тулаған көңіл аптығын мүлде баса алмай,
Шаншиды қайта жүрегім соғып қуыт тым.
Түнектен шықпай бара жатқан арман ба,
Ақ сағымына оранып жатқан үміттің?...

Көк нөсері жаңбырлатқан ағынның,
Еленбеді шашпаса да арайын.
Діріл қаққан жүрегім ғана байқады,
Құбыла түскен көңілімнің сарайын.

Күн күлмеді көкжиектен сол күні,
Ұрлап алып кіршіксіз пәк күлкімді.
Жүрегіңнің шымырлаған түбінде,
Айта алмаған қандай сөздер іркілді?...

ҚАЛАДЫМ...

(Күйеу балама арналған)

Құбылмалы заманда,
Тұрақтылығыңды қаладым.
Сен де менің баламсың,
Сыпайылығыңды қаладым.

Сөздерің мен қылығың,
Үйлескенін қаладым.

Қиындыққа қарамай,
Күрескеніңді қаладым.

Құндақталған бақыттың,
Жоғалмауын қаладым.
Махаббаттың мекені,
Құламауын қаладым.

Кез келген жұрт сөз қылып,
Сұрамауын қаладым.
Таңдап алған жарыңның,
Жыламауын қаладым.

Еңбегіңнің жемісі,
Таусылмауын қаладым.
Бойыңдағы өнерің,
Басылмауын қаладым.

Өмірдегі жақсылық,
Көп болғанын қаладым.
Құдіреттің сынынан,
Сақтағанын қаладым.

Жігерің мен қайсарлық,
Бірігуін қаладым.
Дұшпандарың тайсалып,
Бүгілуін қаладым.

Мықты мінез бойыңда,
Бапталғанын қаладым.
Перзенттік борыш үнемі,
Сақталғанын қаладым.

КІРЕУКЕ КӨҢІЛІҢЕ БАҚ ҰЯЛАТ

Іздесін, іздеңіздер тағат таппай,
Іздегендер шырылдап сабылады.
Емі қонбай кіреуке көңілінің,
Ой түбінен елегізіп, жабығады.

Сәттерін аңсайды да арман қуған,
Сағым болған жылдарға қамығады.
Жанарына ілініп мөлдір моншақ,
Құлазыған күндерге бағынады.

Жүрегінің бұрышында тәтті сезім,
Тәтті мұңға еріксіз ұласады.
Көз ұшынан кетпейтін наз-қылығы,
Желдіртіп, жеткізбейді, бел асады.

Кейде шат, кейде мұңды күй кешесің,
Жаныңнан сөгілердей пейілің мың.
Жетімсіреп жатады жүрек құрғыр,
Күткендей жақын жанның мейірімін...

Шаршамаңыз іздеуден асылдарды,
Өзегің бұрып тұрған жақындарды.
Кіреуке көңіліңе бақ ұялат,
Әйтпесе, мына өмір басынады,
Сағынышың су сепкендей басылады...

ЖҮРЕККЕ ЖЫЛУ КЕРЕК ҰҒУ ҮШІН

Ақындардың жаны нәзік неге тым,
Жыларынан байқалмайды сатқындық.
Тулайды кеп асау жыры, байқасаң,
Жүрегінің лүпілдерін ұқтырып?...

Жырларынан байқалмайтын сатқындық,
Мұңды арқалап кететіндей үнсіз түк.
Тағдыр берген тартуы ма, кім білсін,
Жаза алмайды мұңсыз ғып?...

Қанатты жыр самғаса да алысқа,
Мөлтек сырын қойғандай тартып алып,
Құдіретін өлеңнің ұққанменен,
Қала берер тұнық ой жартыланып...

Тірліктің ұқса-дағы нарқын анық,
Жүрегімен жазса да сарқып алып.
Сикырына қара сөздің табынса да,
Кейбіреулер жетпейді парқына анық.

Шындықтың ауылынан бастау алып,
Өзекті ойды ортаға тастары анық.
Жүрекке жылу керек ұғу үшін,
Бойынан өршілдікті тастай салып...

Кеудесінде жыр-кептер қалықтаса,
Жүрегіңде пәк ойы шоғырланып.
Көңілдің шерте түссе күйін тағы,
Қайсыбірі жүреді жанын танып?

Түн болса ойды өзекке арқау етіп,
Жазады қабағынан күй де кетіп.
Шапағатсыз жандардан қайырым жоқ,
Жүрекке жеткізсе де түйдектетіп...


КЕРБЕЗ КҮЙІМНІҢ НАҚЫШЫН ҚАШАН ЖАЗАМЫН?

Мендегі шабыт сарқылып, тіпті, қалардай,
Тұтанар жерде қаламын неге жана алмай?
Өрлігім ұстап, тамырымды бассам өлеңмен,
Тауым шағылар баратын жерге бара алмай?

Қағазды алып, сөйлетейін десем қаламды,
Қозғағандай күйге түсем жарамды.
Дел-құла болып, сөзіме таппай иірім,
Шашырап ойым, шаршатып алам санамды...

Меңіреу күйдің арылам қалай жолынан,
Тұрағын тауып еркіндік деген алаңның?
Қойнауы толған қазынаға күмп етіп,
Кербез күйімнің нақышын қашан жазамын?

Қашан жазамын сырымды түгел ақтарып,
Гүл егіп жырдан, күрең ойыма бақ дарып.
Шынайы сезім серпіліп қашан түнектен,
Жазылады екен бақ тауып?
Қажыдым мен де орынсыз ылғи сақтанып...



ЕКІНШІ БӨЛІМ



*Жыр арнадым жанымна
жақын жанға...*



*Өздерің сенер тірегім,
Үзбейді күдер жүрегім.
Жанымна жақын жандарға,
Жүректен орын беремін!*



ЖАРҚЫН ЖҮЗБЕН КӨҢІЛІМДІ КӨТЕРЕР...

(Нағашыларға)

Жиі-жиі қонақ болам «Титов»-қа,
Қарсы алады күлімсіреп жеңгелер.
Барған сайын бауырсағын пісіріп,
Жарқын жүзбен көңілімді көтерер.

Ағаларым мәз боп жүрер алшандап,
Қарындасын аман-есен көргенге.
Ұл мен қызы жүгіреді шапқылап,
Әпкелері алыс жақтан келгендей.

Дәрі жеңгем сырын айтып іштегі,
Барлық күйін шертеді бір, бүкпейді.
Ақшагүлі - ақылды бір сіңілім,
Үй шаруасын дөңгелетіп, тіктейді.

Марат болса, жаудырады әзілін,
Жайпап тастап, сырттағы бар жұмысты.
Басқалары босамайды ойыннан,
Тындырғандай бір істі...

Сәуле жеңгем етін асып күтеді,
Қаламқасым пісіреді тәттіні.
Домбырадан күйін шертіп біруақ,
Әнін салып, бізді шадыман етеді.

Мәди болса, екі етпей айтқанды,
Су құяды риза етіп атасын.

Нағашымыз Қазыбектей атаның,
Алатынбыз шын пейілден батасын.

Айтбай, Қаныбек, Әділ менен Таңатар,
Қонақ етті талай мені жиен деп.
Мәрзияның шайы тәтті болатын,
Ұсынатын ықыласпен күлімдеп.

«Титов» десе, жиналамын әр апта,
Күтетұғын нағашы бар ол жақта.
Ұмытамын сағынышты лезде,
Солар менің көңілімді тапқанда.

1986 жыл

АРЫСТАНДАЙ АЛАСҰРДЫМ ТОРДАҒЫ...

(Исмайыл інімнің рухына арнаймын)

Жанарыңнан көрмеп едім жас, тамшы,
Бала кезден бірге өскен бауыр ек.
Неге сені ренжітті бұл өмір,
Ақтарылып, маған ғана айтшы тек..?

Қараушы едің әрқашанда наздана,
Сүюші едің әп-әдемі көктемді.
Көкейінде сайрап ұшқан құстарың,
Ауыстырып алды ма екен өткелді?

Арыстандай аласұрдым тордағы,
Жанарымды жасқа малып абайсыз.
Әлпештеген ұлы едің ағамның,
Қабырғаңнан өткізбеген қара сыз...

Неге сонша асықтырды сұм уақыт,
Үлгіртпей-ақ жан-жағыңа тіл қатып.
Шөліркеген мәуелерің қалды артта,
Қабырғаны қайыстырған шым батып.

Бәйтерексіз қалған артта қос мәуе,
Аманаты болып қалды Алланың...
Бармақтай бақ бере гөрсін Тәңірім,
Бақытты боп жүре берсін – алғаның...

Көздің жасын бұлағанмен не пайда,
Өргенсе де өзегімде мұң-қайғы.
Ерекше ең, қайталанбас бауырым,
Сендей енді бізге ешкім болмайды.

Әке-шешен көтермек жүк ауырын,
Сағым болмақ сағынышы бауырдың.
Керек пе еді әлде ертерек баруың,
Қасиетіңнен айналайын, бауырым?!

САҒЫМДАНЫП БАРА ЖАТЫР ЕЛЕСІҢ..

(Нұрмахан ағам)

Айлар өтті бірін-бірі қайталап,
Сағымданып бара жатыр елесің.
Сағынғаннан айта бердік тоқтамай,
Сезсек-тағы өткен күндер келмесін...

Барған сайын күтпедің сен күлімдеп,
Жүруші едің: «Қыздар менің – гүлім!» деп.
Есінде ме, болмай қалсақ біріміз,
Отырушы ең жас балаша түгендеп.

Keң едің ғой жатқан жазық даламдай,
Ақылың да секілді еді-ау дария.
Баурап алар мінезіндей өзіңнің,
Сені ерекше сағыныпты Дүрия...

Өңгіменді айтқаннан соң көсіліп,
Біз де еркін сөйлеуші едік шешіліп.
Жүрегіңнің ауырғанын байқатпай,
Отырушы ең қателікті кешіріп.

Жеңгемізге ән айтқызып, қуанып,
Высоцкий болатынсың бірауық.
Сағыныштың әбден тартқан кермегін,
Жеңгем менің бұл күндері - жылауық...

Ал, достарың ыстық бізге қашанда,
Күлімдейтін жақын тұтып біздерді.
Сырын ұқсақ, бұл күндері көзінен –
Аңсайды олар сізбен жүрген кездерді...

Ал, Мырзекен күтеді ылғи сабылып,
Келетіндей құлақ түріп тарсылға.
Барып қайту бейітіңе - мұраты,
Әрине Алла маңдайына жазса да...

Дұға етіп, тілеуіңді тіледім,
(Жақсылықты сезетіндей жүрегім).
Орын алып ортасынан Жұмақтың -
Тек Алланың күте берші көмегің...

ТІЛІМДЕНІП ЖАТЫР ТАҒЫ ЖҮРЕГІМ...

(Сәрсенгүлге)

Жалған тірлік сырғып өтіп барады,
Бұл өмірді көш-керуенге баласақ.
Құрғатпадың көз жасымды неліктен,
Сағымданып қайда кетті болашақ?

Тілімденіп жатыр тағы жүрегім,
(Бауырымды аңсайды ғой білемін...)
Кеткеніне куә болсам қыдырып,
Қалап едім қайта айналып келгенін...

Ұлым аңсап, әңгіме етті Нұркенін,
Ал, келінім сағынады құрбысын.
Өргенеді өзегіміз езіліп,
Тауыса алмай дал боламыз қылығын.

Айзересі – немеремнің құрдасы,
Жетімсіреп жатыр іздеп анасын.
Дәуренінің тік қарамай көзіне –
Жасырамыз жанымыздың жарасын.

Ал жолдасы кемсеңдейді сездірмей,
Бір Алладан тілеп ұрпақ саулығын..
Атасы отыр жылап, аңсап, иіскеп,
Қызының ақ жаулығын.

Тай-құлындай егіз едік тебіскен,
Бір ананың сүтіменен өскен ек.
«Бір Алладан басқа бізді ешкім де
айыра алмас» дескен ек...

Міне, енді сол шындыққа ұласты,
Сәрсенгүлім, бұл ауылдан қыр асты.
Қос құлынын ертіп алып қасына
Жапырақ – төсек, көрпе етті құм-тасты.

Өзіңе енді Құран оқыр жолдасың,
Ағайын мен туыс, дос-жар, құрдасың.
Жатқан жерің жаннат болсын, бауырым,
Қалғандарды Алла өзі қолдасын!

ЕРКЕЛЕГІМІЗ КЕЛЕТІН...

*(Куратор Алиева Светлана
Бердібекқызына)*

Тек орысша сөйлейсіз,
Түсінбей сізді жүреміз.
Ұқпай қалғанда біздерді,
Жымыып қана күлесіз.

Ашуға бой алдырып,
Ұрсасыз кейде орынсыз.
Ал кейде апам сияқты,
Ал кейде құрбым, досымсыз.

Староста болған соң,
Барушы ем жиі алдына.
Өзгелер үшін ұрысып,
Тидің-ау талай жаныма.

Ұрыспаса деп тіледік,
Кінәны артып, жасытпай.

Кешіккенде сабаққа,
Ауылдан алғаш асықпай...

Жүргенде үйді сағынып,
Еркелегіміз келетін.
Қаталдығыңнан қаймығып,
Қыздар алшақ жүретін.

Бола қалса байқаулар,
Жүретінбіз таласып.
Кербездігіңіз ерекше,
Тұратын бәрі жарасып...
1985

СІЗ КЕТКЕЛІ...
(Марқұм әкеме)

Білесіз бе,
Сұрқия түн ұрлап алып ұйқымды,
Келбетіме қия алмай жүр күлкімді?
Сіз кеткелі... шипа таппай жаным,
Көбейткендей көрінемін дертімді.

Білесіз бе,
Сіз кеткелі... жылжығанмен сұм уақыт,
Сейіліпті тұрған күндер бақ жанып?
Сізді сүйген адамдардың қатары,
Айлық жерден тіл қатады көз танып.

Білесіз бе,
Бала кезім жайрандаған кешегі,
Көкейімді қызғаныш боп теседі?
Сіз тұратын ұлы үйдің кірпішін,
Жұқартыпты табиғаттың нөсері.

Білесіз бе,
Сіз кеткелі... ұялап жүр қаяу-мұң,
Аландаусыз күлуден де жаяумын?
Анамнан да бұл күндері әл кеткен,
Шаршап қапты аяулым!

Білесіз бе,
Сізді көрсе: «Нағашы ата!» дегендер,
Тыным бермей еркелеген жиендер,
Бірі - әке, бірі - ана боп отыр,
Азамат боп ел-жұртына еленген?!

Білесіз бе,
Тыңдаймын да үлкендердің ақылын,
Санама тек түйіндеймін жақынын?
Талай бидің өсиетін жатқа айтып,
Дайындапсың болашақтың ақынын.

Білесіз бе,
Сіз кеткелі... қала берем мұңданып,
Жүргендеймін көп нәрседен құр қалып.
Жүрек шаншып, құлазиды көңілім,
Сағынғаны - бұл жүрегім Сізді анық!

ТУЫСТАРЫМА

1.

Иесі болсам беделдің,
Өздеріңнің тілегің.
Белеске шықсам биіктеп,
Кеңейе түсер жүрегің.

Сынағын алсам ғұмырдың,
Қиналатыныңды білемін.
Сыр сақтасам сандықта,
Жұбанатыныңды білемін.

Сапарға шықсам ұзақ тым,
Сағынатыныңды білемін.
Алдыңда жүрсем ар сақтап,
Қуанатыныңды білемін.

Ойласам бастың бір қамын,
Ренжитініңді білемін.
Сұрасам қарыз кенеттен,
Күмілжитініңді білемін.

Қатты кетсем алдында,
Кешірмейтініңді білемін.
Қара басып қырсықсам,
Өшігетініңді білемін.

Тілағғыш болып жортсам,
Мақтайтыныңды білемін.
Кінәлап жатса біреулер,
Ақтайтыныңды білемін.

2.

Мақтаныш тұтсам ағалап,
Мерейі үстем болады.
Жеңгем ғой деп жүгінсем,
Көңілі жомарт болады.

Әпке деп ақыл сұрасам,
Бауырын кеңге салады.
Барғанда жездем күлімдеп,
Әкемдей менің болады.

Інім деп айтсам ақылды,
Сөзіме құлақ салады.
Кербезденбесем келінге,
Жанары оттай жанады.

Сіңілім деп сыр айтсам,
Көңілі көлдей болады.
Күйеу балаға жағынсам,
Жүрегі нілдей болады.

3.

Ақтасам мен де үмітін,
Сенетінін де білемін.
Шақырсам үйге қонақ қып,
Келетінін де білемін.

Ағат бассам аяқты,
Күлетінін де білемін.
Мен жайлы барлық шындықты,
Білетінін де білемін.

Өздерің сенер тірегім,
Үзбейді күдер жүрегім.
Жаныма жақын жандарға,
Жүректен орын беремін!

ҰЛЫМА

(Соңғы қоңыраудағы тілек)

Ұлым, өстің, ержеттің,
Қанатыңды қомдадың.
Көрін биік шыңдардан,
Орындалсын арманың.

Сауатты бол, жаңылма,
Сатысы көп өмірден.
Адамдығың мол болсын,
Достаса біл өнермен.

Ұмытпа, жаным, ұятты,
Намысшыл болып жігерлен.
Достарың сенің көп болсын,
Құрметіңе бөленген.

«Ұлық болсаң - кішік бол»,
Дегенде әкем ұғып ем.
Санаңда сақтап жақсыны,
Тәрбиемнен зерделен.

Жылатпа нәзік жандарды,
Зардабы оның мың есе.
Ішімдіктен аулақ бол,
Салатын ылғи әлекке...

Ұстаздарыңды ұмытпа,
Ұстатқан саған әліппе.
Өнеріңді өрлеткен,
Ұстаздарыңды дәріпте.

Бүлдіршін едің, бала ең,
Ақылы аз кеше тым.
Бәйтерек болып өрлеші,
Кезің емес пе өсетін!

Тағы да айтам, ұғып ал,
Талмай ұш самғап биікке.
Армандай білген адамның,
Орны ылғи биікте!

ҚЫЗЫМА

Білім алып жатырсың, балапаным,
Аялайды-ау сендерді алақаным.
Орталарда беделді болсын деумен,
Дұғасын қайталадым Жаратқанның.

Бағалай біл ұстаздың бар еңбегін,
Білімді ұштастырып тәрбиемен.
Биікті бағындырып самғай берші,
Сусындап анаң берген тәрбиеден.

Қайталанбас тұлғаның бірі болып,
Жүрсен ылғи өмірдің сырын ұғып.
Алып шығар білімнің кемесі тек,
Кәусар бұлақ ақса да толқын болып.

Ұстаздардың түсірмей сағын бірақ,
Нәтижесін ұқтыршы біліміңмен.
Үмітіміз біздің де ұшан-теңіз,
Болар бала білінер жөргегінен.

Ұққан болсаң тәнті ет қылығыңмен,
Қабылдап ал ойымды жүрегіңмен.
Сара жолды таңда да болшы дара,
Медеу тауып аналық тілегімнен.

АНАМДАЙ БОЛҒАН АСЫЛ ЖАН

(Ақылшым Нәзік жеңгеме)

Ақ сүтін беріп анамдай,
Жанына жақын етіпті.
Жүрегіне жеңгеміз,
Сыйластық гүлін егіпті.

Үйіне барсаң қашанда,
Қабағы ашық, арайлы.
Ақылын айтып баршаға,
Көңіліңе қарайды.

Айқара ашқан есіктен,
Үзілмей тұрар қонағы.
Айтқанын, тіпті, екі етпес
Келіндері мен ұлдары.

Көзінен көрем мұң кейде,
Білдірмегенмен басқаға,
Жанында жатқан мұң-шерді,
Көтеріп жүр ғой аруана.

Анамдай болған ғазиз жан,
Ұқсамайды басқаға.
Мықты екен жаны қаншама,
Сынаққа тағдыр алса да.

Сүтімен оның дарыса,
Ақылы қонған деп білем.
Жеңіске жетсем биіктеп,
Өрлігі қонған деп білем.

Көңілін тапсам өзгенің,
Кеңдігі қонған деп білем.
Алға ұмтылсам қашанда,
Жігері қонған деп білем.

Жаныма менің сол кісі,
Жақын боп кеткен өзгеден.
Алдына барсаң егіліп,
Жұбатар жылы сөзбенен.

Ақылын айтып қашанда,
Шақырад әркез сабырға.
Сөзін тыңдасаң байыппен,
Ісің баспайды насырға.

Қараймын оған бой түзеп,
Ұқсағым келіп қашанда.
Жүрегі тұрар елжіреп,
Іздеп қашан барсам да.

Тілеуін тілеп жүремін,
Анамдай болған асыл жан.
Шуағын төккен жақынға
Жанымда жүр ғой жақсы адам.

НЕМЕРЕМЕ

(Айғанымға)

Ат қоярда толғандым,
Тереңнен ойды салмақтай.
Жаратқаннан тіледім,
Бақ бергей деп бармақтай.

Жүрегім сезіп жақсылық,
Орманын кездім тәтті ойдың.
Толғамын тауып дананың,
Айғаным деген ат қойдым.

Айғаным деп атандың,
Қасиетті ат алдың.
Айғаным - дана анамыз,
Әжесі болған Шоқанның.

Жанымнан ылғи табылып,
Қуанышқа, күнім, тек кенел.
«Әже» деген сөзіңнен,
Құйылып тұрсын бал-шекер.

Жүрегің кеңдік сарайы,
Жасасын дәйім жақсылық.
Оныңнан туып ай-жұлдыз,
Ақтала берсін басты үміт.

Зеректік түнеп санаңа,
Ұғып жүр ойын дананың.
Бағындыр талай биікті,
Үмітін ақтап анаңның.

Мінезің болсын шуакты,
Нұрын төккен әлемге.
Қылықтарыңмен баурап ал,
Қуаныш сыйлап әкеңе.

Нағашы атаң ерекше,
Қуанып отыр балаша.
Қожаға жиен екеуміз,
Атандық, міне, таласа.

Мақтанышпен үлгі етіп,
Нағашың талай марқайсын.
Нағашыңа бол тірек,
Үзілген жерді жалғайтын.

Туысың сенің қолдаушың,
Мейірімін саған төгетін.
Жаныңнан әркез табылып,
Аузынан жырып беретін.

Бойыңа тілеп адалдық,
Жаныңнан күтем жақсы ой.
Алладан тілеп шапағат,
Өсе гөр, жаным, түзеп бой.

Нәріне қансын жүрегін,
Білімді алған тағалап.
Жамандарға жоламай,
Жақсыны жүр жағалап.

Құшағы ашық сен үшін,
Әжеңнің тыңда ақылын.
Шебер сөзіңмен тәнті ет,
Болашақ менің ақыным.

Өнегелі боп өссең -
Қуанышқа кенелем.
Сенің орның бір бөлек,
Менің тұңғыш немерем!

ҚҰДАМА ТІЛЕК

Туған күнмен құттықтаймын өзінді,
Армандарың орындалсын көктегі.
Жанарынды мұң шалмасын ешқашан,
Арайлансын өміріңнің көктемі.

Сырлы әлемнің нәзіктігін таңдағам,
Сол әлемде жүрек сырым тұнып тұр.
Көңілімнің таусылмайды күйбеңі,
Шабытымнан туындамай жақсы жыр.

Бүгін, құда, сен дүниеге келген күн,
Бұл өмірдің есігіне енген күн.
Құдай қосқан ең алғашқы құдам ең,
Мен өзінді Өз Қыдырға теңгердім.

Сәтті күндер жетегінде қалайын,
Қырсығынан сақтасын деп Құдайым.
Мен бақытты аналардың бірімін,
Сол бақытты көпсінбе деп сұраймын.

Алдыңнан тек атсын таңның арайы,
Немеренің ыстық болсын баурайы.
Шаңырағыңа келін түссін адал боп,
Жүзіңнен де кетпесін бақ шырайы.

Артып мерей, саған деген ықылас,
Қолға алдым қағаз бенен қаламды.
Шын жүректен туылған күн иесі,
Құттықтайын дедім алтын құдамды!

**БОСАҒАМДЫ АТТАДЫ
АРУ КЕЛІН**
(Келініме)

Осы шығар бақытымның жанғаны,
Осы еді ғой тілегім әр таңдағы.
Ұзағынан сүйіндірші, Жаратқан,
Келін түсіп орындалды арманым.

Босағамды аттады ару келін,
Әп-әдемі жайнаған келбетімен.
Еркесі еді үйінің, дарасы еді,
Ешкім қағып көрмеген бір бетінен.

Аруы еді шаңырақтың аялаған,
Тәрбиесі дарыған тал бесіктен.
Наз қылығы жарасып тал бойына,
Атасы мен әжесін тәнті еткен.

Ата-дәстүр ежелгі кейпіменен,
Ұзатылған қызы еді құдалардың.

Құлағына жарасып тұрғанын көр –
Өзім таққан шолпыдай сырғаларым.

Ақылы мен мінезі көркіне сай,
Жарасады әдемі күлкілері.
Сақтай көрші тіл-көзден, Жаратқаным,
Ұлымның көзі түскен елігі еді.

«Беташарда» сәлем сап түгел елге,
Жарасып тұр нәп-нәзік иілгені.
Мақтанышым болды ғой көптен күткен,
Бүрме көйлек, қазақша киінгені.

Жанары да, елжіреп жүрегі де,
Құйып отыр келінім шайын міне.
Ауыстырып алардай қорқақтайды,
Қарап қойып кесенің ернеуіне.

Алғашқы дастарханы келінімнің,
Жалғасын таба берсін әр тойының.
Ұлымның мәртебесі арта берсін,
Тәтті болып қылығы жан-жарының.

Қазаның арылмасын оттан, жаным,
Ашылсын ұлымменен сенің бағың.
Қыздарым қонағың ғой құтты сенің.
Оларда аямайды сенен барын.

«Тіл-көз тасқа, келінім керемет!» деп,
Игі тілек ұялап зереме тек,
Жаратқаннан жалынып деп тіледім:
«Қуанайық үйіме немере кеп!»

«ӨЛЕҢ - ӨМІР» ТОБЫНДАҒЫ АҚЫНДАРҒА

Қазыналы ақындарым, жақын тұтар,
Оразасын түйдектеп жырмен ашар.
Кәусар бұлақ ағытылып көмейінен,
Алыстан бір-біріне көңілі тасар.

Сағынатын болыппын өздерінді,
Пір тұтып жырларың мен сөздерінді.
Жағалауда қалғандай күй кешемін,
Аңсаумен «айтыс құрған» кездерімді.

Кей сәтте жете алмай дал боламын,
Ысырып тастай алмай күйбеңімді.
Қысқа жауап қайтарып отырамын,
Еске алып жеңілген мен жеңгенімді.

Таңменен әсем жырлар өріледі,
Сезімдер кербез қыздай керіледі,
Қай мезгіл болса-дағы елеместен,
Көмейінен бал, шекер төгіледі.

Кейде жыр қабырғасы сөгіледі,
Кей сәтте жыр гауһары төгіледі.
Бп-ыстық ықыласы баурап алып,
Шабытынан гүл-көктем егіледі.

Кей сәттері құлазиды жаны, білем,
Тасына алмай шабыты мұң басады.
Арғымақ жыр бәйгесін көксегенмен,
Көсіле алмай бір уақыт сырласады.

Тамсандырып жаныңа жыр сыйласа,
Орамды ой, үйлескен буындары.
Жайсаңдары жанардан сырды ұғып,
Сикқырымен кей сәтте құлшынтады.

Кей сәтте әзілімен түйреп алып,
Сыр айтады өзінің құрдасындай.
Мөлтек сыры ауысып жыр-сезімге,
Ағады кәусар бұлақ жылғасындай.

Қыздар арнап жатқанда жыр кестесін,
Жігіттері сыйлайды қырдағы әнін.
Нәзіктік пен үйлесіп сыйластығы,
Шабытпен әрлендірер жырдың сәнін.

Мен осылай Сіздермен күй кешемін,
Аракідік серпілтіп басқа сезім.
Есімдерді жалынды жырларымен,
Түкпірінде жүректің түнетемін!

АЙЖАНҒА

(Ақын құрбымның алғашқы кітабы шыққанда)

Кәусар бұлақ ағытылып жүректен,
Сезіміне нәзік жырдан гүл еккен.
Жырларының наурызкөгі бүр жарса,
Құттықтайын ықыласты тілекпен.

Жанарыңнан жарқыл көрдім қуанған,
Жырларыңа зейін қойып жұбанғам.
Құтты болсын, тырнақалды туындың,
Буырқанған жүрегіңнен жаралған.

Лүпілінен жүрегіңнің айналдым,
Толқынында тербелетін жыр айдын.
Арғымақтай желе түскен шабытпен,
Сәйгүлік жыр құйынына айналсын!



ЖАС АҚЫНҒА

(«Жас ақындар» мектебі жобасының ашылуына арнау)

Маталып қалың ойдың шырмауына
Қаламың мен қағазды алғаның ба?
Жаныңа серік етіп отырасың,
Мәз болып жырдың бүршік жарғанына...

Жаныңды түйіп алып уыстай ғып,
Құрайсың талай ою бүктемесін.
Сүбелі сөз орамды ойға ауысса,
Аласың халқыңның да жүктемесін.

Жаныңды аямайсың өлең десе,
Жүресің өз ойыңнан тауып құрап.
Шықпаса іштегі дерт жырынменен,
Аларсың әлі талай жылап-жылап.

Содан соң құрықтайсың кармағыңды,
Алға қойып жырдағы арманыңды.
Оқисың ұлы ақынның дастандарын,
Өзгертіп өлеңдегі талғамыңды.

Жыр-додада шығасың сәйгүлік боп,
Талдыртсаң көк дәптерге жанарыңды.
«Жас ақынның» мектебі оңай емес,
Шыңдайды таудай етіп талабыңды.

Ерінбейсің, жазасың жалындатып,
Төгесің шабыт келсе нөсерлетіп
Жүрегіңнің сақтайсың тазалығын
Сол пәктік көрсетеді дана етіп...

МАЗМҰНЫ

<p>Студентпін 4</p> <p>Сағыныш 4</p> <p>Мені сүйіп қалу шін мәңгілік..... 5</p> <p>Махаббат ақындыққа қарамайды..... 6</p> <p>Олай қарамашы..... 7</p> <p>Анама хат 8</p> <p>Мен – қазақпын 9</p> <p>Ұмыт бәрін өткеннің..... 9</p> <p>Ұмыта алмаған шығармын..... 10</p> <p>Сезім деген бақ құсы, бағаласаң..... 12</p> <p>Пойызда..... 12</p> <p>Кітап оқысаң..... 13</p> <p>Махаббатты мен қастерлеп өтейін..... 14</p> <p>Анаға наз..... 15</p> <p>Неге сонша күтесің мені?..... 17</p> <p>Мен келдім..... 18</p> <p>Туған тілім - тірегім..... 19</p> <p>Батыр жайлы өлең тіпті жазбаппын..... 22</p> <p>Әжемнің тұс киізі..... 23</p> <p>Анадан тілек..... 24</p> <p>Сыйла әйелді..... 25</p> <p>Бір кездері..... 27</p> <p>Токта, уақыт..... 28</p> <p>Киелі жер – кіндік қаным тамған жер..... 30</p> <p>Ұйып қалған тамшы бар кірпігімде... .. 31</p> <p>Мен жастарға сенемін..... 33</p> <p>Жырым - қуаныш 35</p>	<p>Достарымды сағындым 36</p> <p>Көктем келді 39</p> <p>Анаға тағзым 42</p> <p>Туған жеріме..... 44</p> <p>Жазылар әлі жыр-дастан 45</p> <p>Қара өлең, қара қызға құдірет бер..... 47</p> <p>Өлең ғой менің өмірім 48</p> <p>Қысқа қайырымдар 49</p> <p>Менің ұққаным..... 50</p> <p>Алғыс айтам жүрегімнің атынан 51</p> <p>Сағынышым сағымданып кетіпті..... 52</p> <p>Өмір сүрем өшіге..... 52</p> <p>Жүрегіңнен сұрасаңшы..... 53</p> <p>Есеңгіреп егілдім мен ішімнен 54</p> <p>Білгенмін келетініңді 56</p> <p>Мұңға наз..... 56</p> <p>Жұмбақ әлем..... 57</p> <p>Көлеңкесі керек емес өмірдің 58</p> <p>Тәтті мұң..... 59</p> <p>Жырларымнан аппақ сезім өрілген 60</p> <p>Күрең тартқан өміріме күз келді 60</p> <p>Жанарыммен ұқтырам..... 63</p> <p>Махаббатты артық қойғам өзгеден 64</p> <p>Бақытты болуға дайын ем 66</p> <p>Кербез көңіл ауады 67</p> <p>Сізге қарай..... 67</p> <p>Мен сені сүйемін, өмір!..... 68</p> <p>Күрең ой..... 69</p> <p>Поэзия алыбысың сен бүгін..... 71</p>
---	---

Ақын ағаға	72	Достар барда.....	122
Тәуелсіз елім.....	73	Абай жакқан бір сәуле	125
Тоқтам беріп өзіме тағы қайттым.....	76	Күн күлмеді көкжиектен сол күні.....	126
Өзім жайлы айтатыным көп бірақ.....	79	Қаладым.....	126
Өзім жайлы.....	79	Кіреуке көңіліңе бақ ұялат	128
Өзіңе	82	Жүрекке жылу керек ұғу үшін.....	129
Жолықтық біздер өте кеш.....	83	Кербез күйімнің нақышын қашан жазамын?.....	130
Жүрегіме мен ерікті бергенде	84	Жарқын жүзбен көңілімді көтерер.....	132
Сейілтші, жүрек, мұңымды.....	85	Арыстандай аласұрдым тордағы.....	133
Қол ұстасып кетейікші екеуміз.....	87	Сағымданып бара жатыр елесің.....	134
Өлеңсіз менің жоқ күнім	87	Тілімденіп жатыр тағы жүрегім.....	136
Жүрегіне небір арман байланып.....	89	Еркелегіміз келетін.....	137
Кім айтты саған?	92	Сіз кеткелі.....	138
Ей, дүние!.....	94	Туыстарыма	140
Хат жолдапсыз.....	96	Ұлыма.....	142
Сол тамшыда	102	Қызыма.....	144
Жырымды жүрегіңе түнетейін.....	103	Анамдай болған асыл жан.....	145
Ақындардың жалғасымын.....	104	Немереме	147
Ақтарылып сөйлейін әжім жайлы.....	105	Құдама тілек	149
Ұстазға тағзым	108	Босағамды аттады ару келін.....	150
Ұстазыма.....	110	«Өлең - өмір» тобындағы ақындарға	152
Кейде.....	111	Айжанға	154
Мен есіне түскенде сәл күрсініп.....	112	Жас ақынға.....	155
Ақын ағама	113		
Алғашқы қоңырау	115		
Мен өмірге ғашықпын.....	117		
Мен сені ұмытқанмын.....	118		
Ырымдап қойғам қызыма сенің атыңды.....	119		
Қызық еді мерекесі сол күннің.....	120		

Маржанкүл ХИЗИРОВА

СЕЙІЛТШІ, ЖҮРЕК, МҰҢЫМДЫ

Бас редактор: *Қали Жолдасов*

Корректор: *Сәбира Маханбетиярова*

Техникалық редактор: *Нұргелді Серғожаұлы*

Басуға 05.08.2017 ж. қол қойылды.

Пішімі 75x90^{1/32}. Қаріп түрі «Таймс».

Көлемі 10 баспа табақ.

Таралымы 500 дана

«Сеп» баспасы

Алматы облысы, Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2-үй
